

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы

А. Оразбаева

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПРАКТИКУМЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2018

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2Қаз-923
О 65

Автор: Оразбаева Айтбибі Сұлтанқызы, филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Пікір жазғандар:

Қайыпбаева Айжамал - филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Досова Алма Төлегенқызы - филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Қадыралинова Марияш Тілеуқабылқызы - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қостанай әлеуметтік білім колледжінің директоры

Оразбаева Айтбибі Сұлтанқызы

О 65 Қазіргі қазақ тілінің практикумы: Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2018 - 123 б.

ISBN 978-601-7985-17-2

Оқу-әдістемелік құрал 5В050200-Филология мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған. Оқу-әдістемелік құралында жаттығу жұмыстары, СООЖ, СӨЖ және тест тапсырмалары берілген.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2Қаз-923

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Оқу-әдістемелік кеңесінің .20.06.2018ж. отырысында қаралды және ұсынылды, хаттама №.4.

© А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті, 2018
© Оразбаева А., 2018

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1-Тақырып. Сөз тіркесі синтаксисі.....	6
2-Тақырып. Сөздердің байланысу тәсілдері және байланысу формалары.....	8
3-Тақырып. Есімді сөз тіркестері.....	19
4-Тақырып. Етістікті сөз тіркестері.....	22
5-Тақырып. Жай сөйлем синтаксисі.....	25
6-Тақырып. Жай сөйлемнің түрлері.....	27
7-Тақырып. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.....	29
8-Тақырып. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.....	32
9-Тақырып. Құрмалас сөйлем синтаксисі.....	35
Қазіргі қазақ тілінің синтаксисінен СОӨЖ.....	40
Қазіргі қазақ тілінің синтаксисінен СӨЖ.....	60
Тест тапсырмалары.....	67
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	124

Кіріспе

Ұсынылып отырған «Қазіргі қазақ тілінің практикумы» атты оқу-әдістемелік құрал «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі» курсының оқу бағдарламасына сай жасалды. Аталмыш курстың бағдарламасы мазмұнындағы тақырыптар толық қамтылды. Тақырыптар бойынша көркем және ғылыми әдебиеттерден жаттығу материалдары құрастырылды. Жаттығулардың мәтіндерін іріктегенде сабаққа қойылатын білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттардың орындалуы қамтамасыз етілді.

Оқу-әдістемелік құралдың мақсаты - жаттығу, өздік жұмыстары, тест және т.б. практикалық жұмыстар арқылы білім алушылардың теориялық білімдерін кеңейту.

Жаттығу мәтіндерін іріктегенде сөйлемдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері оқу-әдістемелік құралда берілген тақырыптардың мазмұндарына сәйкес ескерілді. Жаттығулардың мазмұндары әртүрлі. Олардың мәтіндерін оқи және жаза отырып, білім алушылар теория негізінде практикалық дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге патриоттық сезімдерін шындайды, ұлттық дүниетанымын және эстетикалық талғамдарын қалыптастырады.

Оқу-әдістемелік құралда СООЖ және СӨЖ тапсырмалары да берілді. Берілген тапсырмалардың тақырыптары, мақсаттары, жоспарлары, жұмысты жеңілдету мақсатында әдебиеттерінің нақты беттерінің көрсетілуі оларды орындауда білім алушыларға қиындық келтірмейді. Сонымен бірге, берілген тест тапсырмалары да пәннің барлық тақырыптарын қамтиды. Тест тапсырмаларын орындау жұмысы да білім алушылардың білімдерін толықтырып, практикалық дағдыларын үштайды.

Оқу-әдістемелік құралдың студент үшін тиімділігі - оның ыңғайлылығында. Өйткені, ұсынылып отырған еңбекте әр тақырып қарастыратын мәселелерге байланысты пысықтау сұрақтары да берілген. Пысықтау сұрақтарына жауап іздеу арқылы студенттің тақырыпты тереңірек меңгеріп, білімдерін тәжірибелік тұрғыда қолдана алуларына мүмкіндік туады.

Бұл тілдік құралды қазақ тілін тереңірек үйренгісі келетіндерге де ұсынуға болады. Өйткені оқулықта берілген, сөйлемнің мағыналық түрлері мен құрылымдық ерекшеліктерін меңгертуге арналған жаттығулар қазақ тілінің грамматикалық құрылымын түсінуге көмектеседі.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал білім алушылардың теориялық білімдерін практикалық тапсырмалармен бекіте отырып, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында филология мамандығының студенттеріне арналып жазылған.

1-Тақырып. Сөз тіркесі синтаксисі.

1-жаттығу. Сөйлемді сөз тіркестеріне және сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз.

Қаңтар айының аяқ кезі, күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесінен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалан бұлттардың түсі қалың өрттке қызған темірдей қып - қызыл төбеге жақын тұрған аласарақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр.

2-жаттығу. Сөз тіркестерінің түрлеріне қарай талдау жасаңыз және олардың компоненттеріне қатысты синтаксистік қатынастардың жасалу тәсілдеріне түсінік беріңіз.

1. Үлбіреген ақ жібекке оранған, өзі де жібектей үлбіреп тұрған ақ келіншек ән салып болған. 2. Сырланған көк керует. Асты - үстімде таза ақ төсеніш. 3. Оқыған азамат еліне қызмет ету керек. 4. Ашық терезеден қала бақшасының жаңғырыққан күлкісі келеді. 5. Салбыраған аузына қоңқайған мұрны төніңкіреп келіпті де, шөгіпті. 6. Үміттен айырылса, не болар еді адам? 7. Қайтейін бұрын кім болғанын. 8. - Олай емес, - деді Еркін ..., - бөлінбейді болыстарға малдар. 9. Таныкөзді апай, Әбенді суайт дейтін Шолпан. 10. - «Айналайынның қозы болып маңырағаны - бұл», - деп мәз болды Шәкен. 11. Сенбегеніңіз ғой бұл. 12. Бел омыртқа дегеніңіз бес омыртқадан тұрады. Содан төменгісі - сегізкөз. 13. - Өмірімде ұмытпаспын сол күнді, - деді ол. 14. Үсен биыл 37 - де. 15. Ару Үсенге сенді.

3-жаттығу. Сөйлемдердегі сөз тіркестерінің басыңқы-бағыныңқы сыңарларын ажыратыңыз және олардың арасындағы грамматикалық мағыналық қатынастардың жасалу тәсілдеріне түсінік беріңіз.

Қазақта туысқандық, достық баянсыз, «бүгінгі дос, ертең жау», аңдығаны ағайын, айтқаны өтірік, жапқаны жала, ақ көңіл, адал ниет жоқ деп, данышпан Абайды ішінен келтірген дерт, көбінесе осы еді (М.Д.).

Ішім өлген сыртым сау,
Көрінгенге деймін «ау!»
Бүгінгі дос ертең жау,
Мен не қылдым, япырым-ау! (Абай).

4-жаттығу. Сөйлемдер құрамындағы сөз тіркестерінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тіркестерін ажыратыңыз.

Бір күні түс кезінде көлдің жел жағынан шаңдатып шауып келе жатқан бір орыс, бір қазақ көрінді. Балалар қашып үйге тығылып, үлкендер бұл екеуі қайда тоқтар екен деп тұрғанда, барды да Бекежан деген ауылнайдың үйіне түсті. Жарты сағат болмай-ақ, сол жайлаудағы елге «ертең ерте осы жерге крестьянский начальник келеді» деп мағлұм болады. Әлгі екеуі бірі стражник,

бірі поштабай екен, төренің алдынан үй тіктіріп, лау байлатып, қой сойдыруға шыққан (М.Д.).

5-жаттығу. Берілген сөздерден мағыналық әрі тұлғалық үйлесімі бар сөз тіркестерін жасаңыз.

Жүрек, биік, шынар, көк, табиғи, космос, ардақтау, ұлы, ер, сайлау, сыйлы, сыйымды, қиын, тың, даңқ, қиғаш қас, бұлаң құйрық, ақ төбел.

6-жаттығу. Сөйлемдердегі модаль сөздердің сөз тіркестерін құраудағы ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.

1. Мейрам шахтаға кетті. 2. Бекболаттар Дүрімбай аулына қарай тартты. 3. Батырлық майданда сыналады. 4. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. 5. Менде де ашу бар, намыс бар. 6. Шөп әлден - ақ тізеден асыпты. 7. Зейнеп ескі шежірені де біледі екен. 8. Арқаның кешкі самал салқыны еседі. 9. Дәрменнің Әбішке айтпақ сөзі бар екен. 10. Бұл рең де Әбіш көзіне өзгеше жарастықты көрінді. 11. Дәке, жеңеше Әбіштікі рас. 12. Оған намыскерлігі жібермейді. 13. Жұрт оның бұл қасиетіне тан қалатын. 14. Тиында тұрған ештеңе жоқ. 15. Әркімге де сенім қымбат. 16. Тысқа Ақ баланың қаны сүймейтін, жексұрын біреудің тұрғаны байқалады. 17. Сөз естілмейді, үн естіледі. 18. Бокс ұрыстарынан хабары жоқ қара күш қалай ұшып түскенін білген де жоқ. 19. Арпалыс заманы тағы бір кездесер ме, жоқ па.

7-жаттығу. Сөз тіркестерінің түрлеріне қарай ажыратыңыз және олардың грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

1. Құмда биыл аң да көп екен. 2. Бұл далада бозторғай атаулы мұнша көп болар ма. 3. Торғай жерінде зорман аталатын кішкентай аңдар болады. 4. Әңгімемен ауылға тақалаып қалды бұлар. Жомарттың жоспарын Жанат сегіз күн ұстады. Қасым жүгіре бастады. 7. Жүріндер біздің ауылға. 8. Қой әрі балалықты. 9. Жоғалсын өлім, Жасасын өмір!

8-Жаттығу. Жай сөз тіркестері мен күрделі сөз тіркестерін екі бағанға бөліп жазыңыз, сөз тіркестерінің түрлеріне қарай түсініктеме беріңіз.

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да қуқыл реңді.

... Жүргіншілер Ералының қазір де қуаң тартқан шалғынын біраз аралап өтті.

Жаңа ғана Дәмеш ұшып келген де, аспан ашық еді, лезде манағы қою қара бұлт қуып жетіп, жаңбыр сіркірей бастады. Өкпе тұстан соққан жел көмір шаңын боратып көше ішінде құйып ойнады.

Шәкірттер өсіп қанат қақты. Аға ақынның жауапкершілігі молая түсті. Ескі ұрандарға жаға ұрандар қосылып, іске іс қосылып, өзі орнатысқан жаңа заманы күн санап жаңа тілектер қоя бастады. Шәкірттерінен де жаңа лебіздер, екпінді лебіздер шыға бастады.

9-жаттығу. Төмендегі берілген сөздерді пайдалана отырып «Серуенде» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыз және ондағы сөз тіркестерін түрлері мен жасалу тәсілдері, байланысу формаларына қарай түсіндіріңіз.

Біз, мезгіл, жаз, ай, тамаша, таза, табиғат, серуен, коллекция, гүл, кеш, бір, топ, ауа, жинау, көңілді, өткізу, жасыл, өзен, тау, шөп, иіс, аспан, көгілдір, бірде - бір, қайту, еді. т.б.

10-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз және ондағы сөз тіркестерінің түрлеріне қарай түсініктеме беріңіз.

Кейбіреулер өнерде қайғылы халге жолағысы келмейді. Адамдар арасында алыс-жұлыс, талас-тартыс бар, соны көрсетпек болды деп ойлайды. Драматургияның жанрлық сипатын тар көлемде ұғып, міндет-мақсатты солай қарай солақайлап бағады. Ал адамдар арасындағы әлгідей күнделікті талас-тартыстан туындап өрбіп жатқан күресті, ол күрестің біреулердің тағдыр-талайын өзгертіп, күлкілі жайттерге де, өкініш, күйінішке де соғып жатқанын көргісі келмейді. Бірақ драмалық шиеленіске негіз жоқ деп қашыртқылағанда, оның өзі жеке бастың күйбен тірлігінен, пендешілік әурешілігінен туып жатқан жайттердің де болатының ескере бермейді (З.Қ.).

11-жаттығу. «Тіл өнері - дертпен тең» деген тақырыпқа байланысты қанатты сөздер мен мақал мәтелдерді пайдаланып, мәтін құрастырыңыз және ондағы сөз тіркестерінің түрлеріне сипаттама беріңіз.

2-Тақырып. Сөздердің байланысу тәсілдері және байланысу формалары.

12-жаттығу. Сөйлемдердегі сөз тіркестерінің жасалу тәсілдері мен байланысу түрлерін түсіндіріңіз.

Бұл үйдің бар жанына қадірлі көрінген алдыңғы қонақ Дәт болатын. Қымбат қара ләмбіктен тіркес жең камзол киген, омырауына алтын баулы сағат салған, келбетті, қызыл сары жүзді қалпымен Дәт әуелі Мағаш, Әбсеметке қайырлы болсын айтты. Торы жорға аттың жеңісін, бәйгесін құттықтады. Сөйте бере Мағашқа қасындағы жолдасын мәлім етті.

- Мынау - менің жолдасым. Атын естулерің бар шығар. Біздің арысы қырғыз, Жетісу, берісі Алматы, Қапалымызға аты мәлім ақынымыз осы болады, - деді. Кішілеу өткір көзді, қызыл күрең жүзді Жамбылақын Әбсеметке мәлім еді.

13-жаттығу. Сөйлемдердегі сөз тіркестерінің қандай тәсілдер арқылы жасалғанын айтыңыз және сөйлемдерге кешенді грамматикалық талдау жасаңыз.

Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің

заманымыз - жазу заманы: жазумен дүниенің бір шетіндегі адам өкініші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек (А.Б.).

14-жаттығу. Төмендегі берілген сөздерді мағыналарына қарай байланыстырып сөйлем құрыңыз да, ондағы сөз тіркестерінің қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанын түсіндіріңіз.

Өзен, жер, жел, шелі, самал, күн, көлбей, зор, сонау, дала, бос, көгілдіріленген сәуле, биіктігі, беті, бүркіт, ал, қызыл, жылдамдық, ай, бес, қырық, дауыл, километр, шақырым, әрең, қасақана, серуен, күн бойы, ұялу, бұл жайында, асыл, жақын, кеше, қабылдау, бірнеше, алуан

15-жаттығу. Есімді және етістікті сөз тіркестерін екі бағанға бөліп жазыңыз.

Қыстың ұзақ күні. Үлкен таудың ішінде жел гүлдеп соғып, ақ боран ұйытқып ойнап жүр. Қараңғы, тұманды түннің жанды шошытатын суығы қаһарлы... Ақ боран көк пен жерді бір - біріне араластырғандай. Аспандағы ай - жұлдыз, жердегі қара - құдадан ешбір белгі жоқ. Айнала аппақ болып тұтасып алған. Жігіт қарлы боранда, беймезгіл шақта бөтен ауылға келсе де, күңгірт жолаушыдай емес, ашық-жарқын, жақсы дос жүзімен келді. Жабырқау үйге жадыраған күлкі, аң туралы қызу әңгіме, орамды әзіл - жайдарылық ала келді. Еңлік жігіттің қызу нұрлы жүзіне сүйсіне қарап, күлімсірей көз тігеді. Қайта-қайта қарағысы келеді бұл жанға (М.Ә.).

16-жаттығу. Мына сөздерден аналитикалық тәсіл арқылы байланысқан сөз тіркестерін жасаңыз.

Оқу, хат, сабақ, дәптер, жазу, беру, аяу, жолдасына, қаламмен, өмірде, тында, болады, талаптыдан, үлкенді, шыққан, болар, кішіні, сөз, сыйла, адамды.

17-жаттығу. Мына сөздерден күрделі сөз тіркестерін құраңыз.

Есіту, бару, айту, жазу, оқу, теру, тігу, табу, жүру, кесу, жию, ету, егу, байлау, көшу, кілем, астық, тын, іс, кітап, көшеде, қағаздан, жарысқа, тыңда, ая.

18-жаттығу. Төмендегі берілген сөздерді кірістіріп сөз тіркестерін құраңыз да, қандай тәсілдер арқылы байланысып тұрғанын түсіндіріңіз.

Отан, мемлекет, тіл, жер, байтақ, ұлт, қамқор, ата-ана, өзім, туған, қала, орман, сана, мектеп, оқушы, оқытушы, туысқан, адам.

19-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді синтаксистік талдау жасаңыз.

1. Табиғат балаға қатал, суық көрінеді. 2. Жан - жақта жүдеу тартып, жұмырланған боз төбелер қайғылы сырымен, дүние шерімен сазарғандай. 3. Бетіндегі ақкөде, сары селеуді сүйкетіліп сумандап соққан түн желі желпи қозғап сілкініп тұр. Қаз - қатар орналасқан алтын тістерін жарқыратып

күлімдеп тұр. 2. Шеген сұлу сұңғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілетін, күнге күйген тобылғы торы екен. 3. Қақпақ жауырынды, қыздай қыпша бел, кеудесі шалқақ біткен, бәйге атындай жарау, өте оңтайлы бала екен. 4. Келте мұрын, аз ғана аузы үлкенірек, қоңыр көздеу болғанымен, маған ол өте сымбатты көрінді. 5. Жасы он бесте еке. 6. Шеген маған тағы үш түрлі өсиет айтты.

20-жаттығу. Берілген сөйлемдерден орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз және оларды сөздердің байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Ақын туралы роман болғандықтан, оның ұзына бйында адам сезімін баурап аларлық сезімталдық, ақындық сыр, ақындық әуез, үн ырғақ бар. Атақты орыс жазушысы В.С. Ивановтың: «Абай» - ақын туралы роман ғана емес, сонымен бірге ән туралы, халықтың арманы, жақсы өмірді аңсауы туралы роман. Ондай жақсы өмірдің бейнесі әлі қалыптасып болған жоқ, ондағы адамдардың қарым - қатынасы да Абайға көмескі. Сондықтан оның арманы әнге, өлеңге айналады, ақын ғажайып жаңа өлең жайлы батыл ойланады, - деуі де осыдан (С.Қ.).

21-жаттығу. Берілген сөйлемдерге кешенді синтаксистік талдау жасаңыз.

- Мінеки, осындай оқиғалар болып қалады, билеріңізді алып мұнда келіңіз!-деп. Байжанның барымтаға аттанған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды. Күллі жиылыстың расходы Сәрсенбайдың мойнынды болып, қорыққан бір ауыз сөз қарсы айтуға халі де жоқ еді, хәттә жан-жаққа шаптырып жатқан аттар да Сәрсенбайдікі еді (М.Д.).

22-жаттығу. Сөйлемді сөз тіркесінің түрлеріне және сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз қарай талдаңыз.

Сөйтіп қыз бостандық алды, арманына жетті. Сүйгенімен кетті. Ата-анасын бала қанша жақсы көрсе де, қанша сыйласа да, тіршілікте адамның азаматтығынан артық еш нәрсе болмайтындығын, ол азаттықа өзге түгіл, ата-анасы қарсы келсе де, еш нәрес айырбастамайтындығын осы қыз сол жолы жиналған жұртқа айқын көрсетті. Міне, әлі күнге шейін, қараңғылықтан шыға алмай, азаттық қадірін ұға алмай жүрген қазақ әйелдеріне әлі де болса үлгі алуға сол қыз жарайды (М.Д.).

23-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сөз тіркестерінің байланысу формаларына және сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз.

Шынында, Игілік осы үйді үлкен есеппен жасатып еді. сонау Есіл бойындағы Сандыбай үйшіге он құлынды бие берем деп, үйдің сүйегін жасатты. Борлатып басқан ақ киізді мен бау-шуына дейін сол жақта әзірлетіп, алты көк арбамен осы араға бір-ақ түстті. Дәл бүгінгі сәрсенбінің сәтіне Майқұдық басында тігіліп жататын, деді. Дәл сол кезге қасындағы үлкен топ адамдарымен өзі де жетті.

Уығын ат үстінен шаншатып биік ақ үйдің қалай тігілгенін бір дуан елге жая кететін топқа бір көрсету - Игіліктің түпкір түбінде жүрген бір арманы еді. қазір сол орындалған арманның үстінде отыр, бірақ әлгі үйдің қасына барған да жоқ (Ғ.М.).

24-жаттығу. Мына сөйлемдерді сөз тіркесінің түрлері мен құрылымына қарай талдаңыз.

Кейін немересімен екеуі қалған кезінде де аңшылықтан қол үзген жоқ. Рас, соңғы жылдары жасы ұлғайып, қажытты ма, мылтық ұытағанда қолы сәл қалтырап, көзі жасаурайтынды шығарды. Сілтегені тие бермей, мүлт кететін де, болып жүрді. Бірақ, Төлеутайын тарықтырған емес. Сөйтіп, ол қоғам өмірінен, саясаттан тысқары, табиғат аясында оқшау өмір сүріп жатты. Түзге шықса қара мылтығын, үйге келсе қара домбырасы мен немересін ермек етті (Қ.Ж.).

25-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне, сөз тіркесінің құрамы мен түрлеріне қарай талдаңыз.

Ана-санда немересі мен келінінің сүйемелдеуімен тысқа шығып, қарға адым жерге қырық бөгеліп, қырық жөтеліп жететін кәріп қайда кетіп, қайда ұзамақ... Кешке қарай Әлима шілдеханаға баратынын айтқанда, кейінгі кезде келін сөзінің бәрін қисық көріп, қабақ шытып, жытырынып, жақтырмайтын Балзияның аяқ астынан жылы-жылы сөйлеп, бәйек бола қалуы да күдікті еді (М.Д.).

26-жаттығу. Мәтіннен интонация арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз олардың ерекшеліктерін грамматикалық заңдылықтарға сай түсіндіріңіз.

Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жері - Манаш тауының желке тұсы еді. Алда Абылғазы бастап жортып келеді. Оның қасында, қатарына ілесіп, әңгімелесіп келе жатқан - Ербол. Әлі күнге тың, ширақ басып келе жатқан құла жирен атын Абай алдыңғы екеуінің артына тақау бастырып, ілестіріп, қатты бір мең-зеңде келеді. Өзінің ауру сауын да айыра алмайды. Өне бойы соққы жеген кісідей мылжа-мылжа. Кейде Абай жүріп келе жатқан сияқты емес. Жолының екі жағы тау сияқты да, сол таулар, жартастар бұған қарай өздері сырғып, жылжып, қиыс өтіп келе жатқан сияқты (М.Ә.).

27-жаттығу. Мәтіннен қиыса байланысқан сөздерді тауып, олардың ерекшеліктерін грамматикалық заңдылықтарға сай түсіндіріңіз.

Орташа келген қырлы мұрын енді анық көрінді. Қырынан қарағанда, бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ, жұмыр иегінің астында жұтқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсті. Үлкен де, кіші де емес, әшекей сырғасы діріл қағып дамыл алмай, сілкіне түсіп тұр.

Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары уілдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сүр емес, сары ала қып асқан екен (М.Ә.).

28-жаттығу. Мәтіндегі меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін тауып, олардың қандай септік жалғауы арқылы байланысқанын айтыңыз және сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз.

Бір мезгілде күн батты. Ауылға жақын жерде қыстыгүні бір қоян тұрақтаушы еді. түн болды. Қоян бір құлағын көтеріп тыңдап, онан соң екінші құлағын тікшитіп, мұрттарын сипап, танауын тартып, иіскеленіп, артқы аяқтарымен шоқшитып отырды. Біраздан соң қалың қардың үстімен еңкі-үш секіріп барып отырды да жан-жағына жалтақтап қарай бастады.

Екі қазақ қатарласып, біреуіне екіншісі қалайша былтыр бір атын ұрлатқанын сөйлеп келе жатыр еді. жүк өтіп кетті, қоян орғып, жолдан өтіп, қырманға қарай жөнелді. Жолда ескі таныстарынан екі қоянға кез келіп, олармен біраз ойнап жүрді де әрі кетті. (М.Д.).

29-жаттығу. Мына өлең жолдарынан аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тіркестерін табыңыз және сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз.

Құдықтан, жерошақтан қазақ қазған,
Жұлдыздай жалт береді жүйрік жазған.
Шынайы жел жүйріктер қырға біткен,
Деген сөз былшыл біздің жылқыны «азған».
Төрт тұлпар соқты желдей мыңнан озған,
«Жетсең ал!» деген есеп мұнша созған.
«Армансыз болсын аттар» деп әңгірлеп,
Қазақтар қоюшы ма еді құрты қозған?!

30-жаттығу. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тіркестерін ажыратыңыз және сөз тіркестерінің сыңарларының байланысу тәсілдерін түсіндіріңіз.

I. 1. Қаладан Самарбай хат әкелді. 2. Ол Мағаштың әкесіне жазған аса ауыр сыры бар хат еді. 3. Абай, Әйгерімнің байқауынша, Мағаштың хатын қолы дірілдеп оқып, көпке шейін танып, түсініп, бойына сіңіре алмаған тәрізді. 4. Әйгерім хаттың хабары жайсыз екенін Абай жүзінен сезді де, сүйек шкафтан Абайдың көзілдірігін әперді. 5. Рахым балалардың бәрінен де үлкен. 6. ...Ал Абайдың қасында қалған өзге жастар болса, бұлардың мінезі мүлде басқа.

II. 1. Мүсілім терезені ашып, көшеге көзін салды. Қала шырт ұйқыда, тірі жан жоқ. 2. Дәмеш те гүлді ерекше сезініп, жанымен сүйетін. 3. Айгүлді көріп қуанып, жұлып алуға батылы бармай, аймалай берді. 4. Сағатына қарады. 5. Форточканы ашып гимнастика жасады. 6. ... Қайыр бүгін күндізгі сағат үште ұшады. 7. Қазір жолдасы келсе, магазиндерді аралап, шешесіне, қарындасына базарлық сатып апармаса, тамағы іспей ме? 8. Қайыр балконға шықты.

31-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді грамматикалық талдау жасап, ондағы сөз тіркестерінің түрлерін ажыратыңыз.

Тегенеге шағын ыдыстармен сабадан тасып құйған қымызды мырза құлаштай сапырды. Қолындағы қайыңның безінен жонып жасаған имек сапты ожау тым сәнді. Кейінгі кезде сирек, жоғалып бара жатқан қазақ қолөнерінің ең жақсы үлгілері осы үйде қалыпты. Қай заманда жасалды екен. Сонау адалбақанның, төрдегі кебеже жүкаяқтың беттеріне ойып салған өрнектер, қондырған сүйектер сонша нәзік, сонша әдемі, қолдан жасады дегенде нану қиын. Сүйіндік ұсталары істейтін қамар белбеу, күміс ер - тоқымның да көкесі осында көрінеді. Бірақ мұның бірі де әдейі істетіп немесе ақша шығарып сатып алған емес. Байғазы, сый, тарту, қалау жолдарымен жиылған (Қ.Ж.).

32-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне қарай талдап, сөз тіркестерін сөздердің байланысу формаларына қарай ажыратыңыз.

Желтоқсан жұлдызы. Қар көптен жауып, нағыз қыс болды. күн әбден қысқарған. Күннің көзі көрінсе де жылынбайды. Өзенді, көлді мұз қаптап, жұрт үстімен жүре бастады. Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Қыс күні аяз күшті болып, үскірік борандар да аз емес.

Орман қарайған, ішінде құстарды көре алмайсың, қоян күндіз жасырынып, түнде ғана жүгіріп жас ағаштарды кеміріп жүр. Иелері жылы қорға шөп салып бағып-қақса да, қысты күні үй хайуандарына да бапсыз. Адамның өзі де суықтан қорғанып үй салып, жылы киім киіп, үйлеріне от жағып, дайым жұмыстарынан қала алмайды. Қыстыгүні жылқышыларға бек қиын: қандай суық борандарда күні-түні далада жүргені, қасқырдан бір қорқып, бораннан екі қорқып, бейшараларда тіпті рақат жоқ. Жалтаң аяз көбінің беттерін қарыған. Шилі бет бағұстар желге де қарсы қарай алмайды. Сабаққа мезгілімен жүретін баланың да ертеңгі аяз есінен көпке дейін шығатын емес (М.Д.).

33-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқумен қатар, ондағы орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Ғашықтық - бір ыстық күн желі тымақ,
Басына түскен жанның көңілі сынық.
Қаратпас бай-жарлының шамасына,
Адамды желіктірсе жігітшілік.

Бұрынғы қолдағы істің бәрі қалды,
Біріндеп төл мінезді заман азды.
Асылзат шахыбаздар шабыт таппай,
Шөлге ұшып сайын далада қанатталды (М.Д.).

34-жаттығу. Мәтіннен қабыса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан мал күйлі, бие ішті болып, Көктал қыстаған деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумалкөлге жағалай ауылдар қонып, былтырғы

жұрттарына үй тігіп, көп ұзамай бие де байлады. Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан аттас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды, бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар аралап қымыз ішеміз деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарына мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да асау тайларын үйретпекке еді (М.Д.).

35-жаттығу. Жалғау арқылы байланысқан сөз тіркестерін тауып, оларды сөз тіркестерінің байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Жамал - сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті.

Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді. қыз деп айтқан адамдарға ашуланып та қалған күндері болды.

Бір күні Сәрсенбайдың үйіне ескі жолмен оқыған, дүние білмеген нәрселерім жоқ деп дұға қылушы бір шала надан молда келіп қонды. Молда тысқа шықпақшы болғанда, Сәрсенбай:

- Жамалжан, тұр, молданың кесібін сал, құман алып шық,-деп жұмсағаннан кейін молда тыста келіп, отырып:

- Бай, осы сіздің мырзаңыздың есімі қалай? Қыздың атын қойғансыз ба?- деді. Сәрсенбай азырақ тоқтап тұрды да, күлімсіреп: «Тақсыр, мұның мәнісі бар, біз бастан кем кісі. Айымыз да, күніміз де осы Жамал болған соң, өзімізді-өзіміз алдап жүрміз», - деді (М.Д.):

36-жаттығу. Қабыса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз және олардың компоненттерінің байланысу формаларына сипаттама беріңіз.

Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлытаудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі. Күн батып, ымырт жабылып барады. Күнбатысты қалың қара бұлт басқан, айналада күңгірт тартқан төбелер қоңырқай тартып, түн тыныштығына қарай бой ұсынған сияқты. Сондай жүдеп сарылған төбелердің арасымен үш салт атты келе жатыр еді. Бұлардың беті - қалың таудың іші. Күнбатыста алыста жауын бар еді. Сол алыста күн күркіреп жатты. ...Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді (Қ.Ж.).

37-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқумен қатар, ондағы қабыса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Жаңа жылда жаңа тілек тілелік,
Ескі жылды ескере де жүрелік;
Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп,
Көзің жасты, көңілің қаяу, Алашым!

Жұрт болудан ойланалық амалын,
Қамсыз жатар емес енді заманың.
Надандықтың қираталық қамалын,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, Алашым! (М.Д.).

38-жаттығу. Сөздер тіркестерін байланысу түрлеріне қарай талдаңыз, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Майқұдық суының бойынды әр жерге топталысқан, от жаққан, сырнай тартқан, өлең атқан адамдар көрінеді. Көбі - жұмыс көлігі сияқы бір өңкей көрінген еркектер. Қызғалдақ терген төрт-бес әйел оңашарақ, қырында жүр. Қызыл я көк орамал байлаған, нәлдеткен ақ жаулық салыған әйдедер мына қара қошқыл топтың бірден-бір ажары да, көз тартары да сияқты. Олар бөлініп кеткен соң, еркектер тобы қоңырайқайланып қалды. Әдемі үйлескен ашық бояу сияқты әйел дауыстарынан айырылған соң әндері де қоңырланып кетті. Бірінен-бірі туып жатқандай өзінен-өзі тез ескерген жоқ. Бірінен-бірі туып жатқандай өзінен-өзі жалғасып кетіп жатқан ән мен өлең үзілмеді (Ғ.М.).

39-жаттығу. Мәтіндегі орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз, ерекшеліктерін айтыңыз.

Дала толы ән де үн... бусанған жердің көзіңе көрінбейтін мың түрлі жан иелері түгел оянып, үн қосып өмірге талпынатын сияқты. Жер бетінде тұтаса шыққан бір шың-шың бар. Тал жібектей балбыраған әрбір көк шөп ән салып тұрғандай. Кішкене өзінің өн бойын өрлей біткен күрке-күрке көрінген құба талдар да, түп-түп тобылғы мен қараған да дүниеге осы көк жамылған күйінде, бүгін ғана пайда болғандай қызықтырады. Дүние бір ұйқысы қанып оянған жас баладай балғын да ерке; құшақтауыңды, иіскеуіңді күтеді (Ғ.М.).

40-жаттығу. Сөз тіркестерінің түрлеріне қарай талдаңыз.

Марламқаш жазды күні ойнайтын қазақ балаларының көп ойындарының бірі. Бұл былай ойнайды. Қараңғы түндерде көп балалар жиналып екі бөлінеді. Бір бөлігі киімдерін тастап алысырақ жерге барып жасырынып жатады. Қалған бөлігінен жасырынғандар қанша болса бұлардан да сонша болып іздеп ұстауға шығады. Сонда бұлар іздеп шығысымен айқайлап жүгіріп жүріп айтатыны: «Марламқаш, мені көрсең тұра қаш!» жасырынған балалар, үстіне жақындап келіп қалғанша, жата береді. Үстіне өтіп келіп қалса табанда ұстатпайды, онда тұра қашады. Олардың ойнау жарамайтыны жасырық балаларды киімдерінің қасына қалдырып кеткен белгілі ордалары болады. Соған қарай қашуға тырысыады. Егер жеткендері болса ұстап ордаға дейін арқасына мініп келеді. Бұл міну жеткендеріне үлкен бақ деп санайды. Жеткізбей құтылып кету де қашушы балаларға да сондай бір дәреже. Мінгізгенің қабақтары түсіп, мінгендерінің көңілдері шат болып, жеткізгендері қуанып, жете алмағандары қайғырып жабырқаңқы болып, жете алмағанына ішінен ұялып барлығы да ордаға жиылады. Екінші басталғанда әлгі қуған жағы енді жасырынып, қашқан жағы енді қууға шығады, алдыңғы ретте болып кете береді (М.Д.).

41-жаттығу. Меңгеріле және матаса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз, ерекшеліктерін салыстырып көрсетіңіз.

Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, гүл жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді, адамның да басына жастық екі келмейді. Жастық біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді, сол секілді жастықтан

соң кәрілік жетеді. Шаруасына жинақты кісілер жаз күні қыстық азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинау тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рақат тіршілік ете алмайды (М.Д).

42-жаттығу. Мәтіндегі матаса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін табыңыз, ерекшелігін түсіндіріңіз.

Бір кісінің екі баласы болыпты. Бір мезгілде көршілері оған айтады. «Сенің балаларың бір кемпірді мазақ қылды, балаларыңды тыйып қой!»- деп. әкесі балаларына ұрсады, балаларда мұнан былай кісіге күлмеске уәде береді. Біраз күн өткен соң балалар, әкесіне берген уәдесін ұмытып, бір бишара шалды тағы да келемеж қылыпты. Мұны әкесі естіп, балаларын шақырып алып айтады: «Балалар мен енді мұнан артық өмір сүргім келмейді, менің өлгім келеді, егер өлмей қартайғанша тұрсам, сендер секілді бір ақымақ балалар анау күнгі шал мен кемпірге күлгендерің секілді, маған да күлер деп қорқамын» балалары ұялғаннан қызарып, не қыларға білмей, сонан кейін кәрі кісілерге күлуді тіпті қойыпты (М.Д).

43-жаттығу. Мәтіннен матаса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Кішкентай Нұрмаш бір күні басына әкесінің бөркін киіп «енді мен үлкен кісі болдым» деп ойлайды. Сөйткенмен бөрік олай болмайды. Үлкен болғыш Нұрмаштың көңіліне қарамастан, дәл мұрнына түсті. Нұрмаш мұны да елең қылмай, қолына бір таяқ алып, аяқтарын маң-маң басып, ана ауылға қарай жөнеліп еді. Мұны мал қайырып жүрген Бекбай отағасы көріп қалып, айғай салды:

- «Әй, бөрік! Сен неғып жүрсің? Біздің Нұрмашты қайда алып барасың?»- деп (М.Д).

44-жаттығу. Меңгіріле байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Жүніс сегіз жаста еді. Ол оқи да, жаза да білмеуші еді. «Мені мектепке жібер» деп мазасын ала берген соң, әкесі бір күні мектепке алып барады. Мұғалім жаңа келген жас баланы тиісті орынға отырғызып, аты-жөнін сұрап, дәптеріне жазып алады. Сол күннен былай Жүніс қолтығына кітаптарын қысып, бір күн де сабақтан қалмай, мектепке барып жүрді. Ақырында біздің Жүніс, оқу, жазу, есеп үйреніп, оқымысты болады. Мақал - Бір оқығанға екі екі оқығанды береді. Сонда да айырбастамайды (М.Д).

45-жаттығу. Мәтіннен меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің түрлерін табыңыз, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үй маңайында тіршілік етеді. Соның үшін олар үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, арба, шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Түйе жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап қора күзетеді. Осыладың қызметі үшін адам асырайды, бағады,

қысты күні аяздан тонбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды (М.Д).

46-жаттығу. Мәтіннен меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін тауып, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Күн батты. Үйге қайтатын да уақыт жетті. Біз жүгіре басып келе жатырмыз. Оның арасында түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Әне, бір түп қурайдың тұсынан көктің жиегі мұнарланып көрінеді. Бұл не? Өрт пе?.. Жоқ туып келе жатқан ай екен. оның оң жағында төменірек ауылдың оты жылтылдап көріне бастады. Міне, біз ауылға келіп қалдық. Мен алдымен жер ошақ басындағы сүт пісіріп отырған әжемді таныдым (М.Д).

47-жаттығу. Мына сөйлемдерден меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін теріп жазыңыз және олардың сыңарларының арасындағы синтаксистік қатынастарды түсіндіріп беріңіз.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Ендігі кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі, бұдан кетсе Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас, яки көрсе де біраз уақыт сағынуға тура келер деген ой елестейді. Бірімізге біріміз сөйлеспесек те біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз. Бұрын түнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шықты. Есіктің алдына бірталай адам жағалай отыр, көздері бізде. Әңгімені соғып отыр. Кім біледі, әлде бізді мазақ қылып отыр ма? басына кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі қараша үйдің белдеуіне ботаны байлап түйе сауып отыр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр. Бәрі де маған қуанышты секілді. Көрінді. Біздің кетіп бара жатқанымызға танырқаған ешкім жоқ секілді, ұсталып айдалатынын әлдеқашан бәрі де біліп қойған тәрізді. Бәрі де күліп жүр, бәрі де босып жүр... Бірақ Шұға жоқ... (Б.М.).

48-жаттығу. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерін анықтаңыз және олардың компоненттеріне қатысты грамматикалық қатынастарды түсіндіріңіз.

Жаз өтіп шілде жетті, шілдеде күн ұзын, түн қысқа, күннің ыстығы сонша күшті, тастар, құмдар қызып кетеді. Шілдеде піспеген шөп қалмайды. Мінілмеген, жұмысқа салынбаған мал семіріп, желдегі құлындар ғана жүдеген. Қымыз мол, қозы піскен. Ел жайлауында бірін-бірі қонақ қылып, қазақ салты өз алдына бір қызық. Қыз ұзатса, ұл туса, той болып, жұрт жиналып, ат шауып, күрес болады. Осы кезде қазақ бұрынғыдай алысқа көшпейді. Бұрын жердің еркін шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен. үлкендер сол күндерін осы күні қатты сағынып сөз қылысады. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Боз балалар жайлаудың қызығын қия алмай ерініп әрең шығады. Қазақ шөпті бел орақпен шабады. Машина жаңа тарап келеді. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр (М.Д).

49-жаттығу. Мына сөйлемдерден меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерін теріп жазыңыз және олардың компоненттеріне қатысты грамматикалық қатынастарды түсіндіріңіз.

Рас, қазақ халқының жер-суға ие болып, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауда тарлық көрмей төрт түлігі сай болып, тай құлындап, тоқты қоздап, қосты жылқы, желілі түйе, отарлы қой, қайғы жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып, кең далада құлан-кикішке сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді көздерінде ғана елестейді. Мұның себебі не, халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты үкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер танылып, ата мекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да, бұл заман өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің діні, халқын сақтай алмай, дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал (М.Д).

50-жаттығу. Берілген сөздерді пайдалана отырып, мағыналық әрі тұлғалық үйлесімі бар сөз тіркестерін жасаңыз және олардың қандай грамматикалық тәсілдер арқылы байланысып тұрғанын айтыңыз.

Тіршіліктің, қазақ, дүние дұрысы, киімі, телефоны, жаңа жыл, айранға, мейрам, осындай, келген, ұлт, жалпы, қазақтың мақалы, табиғат, қыс бойы, жаңа өспірім, әрең-әрең, жас буын, қалайша, мезгіл, ойнап-күліп, шаруашыл, мәдениетті (М.Д).

51-жаттығу. Мәтіннен етістікті тіркестерді табыңыз және сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Күндердің күнінде бір күн ертеде бір шал болыпты. Шалдың үш ұлы бар екен. бір күні шал баласын қасына алып отырып сұрапты: «Қорамда сан жетпейтін малым бар. Сандығымда сан жетпейтін алтын бар. мен өлгенде мені қалай қылып көмесіндер?» деп сұраған. Көп кідірмей-ақ балалары көңіліндегі барын айтады.

- Ой, мен сені жібекке орап ақ жауып, арулап, шақырмаған ел қалдырмай, басыңа мыңдап қой, жүздеп жылқы шығарам,- деген үлкен баласы. Онан соң ортаншы баласына: «Сен, мен өлгенде қалай қылып көмесің?»-деген шал.

- Ой, мен сені қадірлеп, басыңа осы малдың бәрін шығарам, атағыңды жер жүзіне өлген күні шығарып, ел шақұырып, ас берем, үстіңе күмбезден мола салдырам, басыңа атыңды жаздырып көк тас қойғызам,-дейді ортаншы баласы. Онан соң: «Өлгенде мені қалай қылып көмесің?» деп сұраған кіші баласынан шал. Біраз ойға қалып отырыпты да: «Сенің өлуің біледі, менің көмуім біледі», - деген кіші баласы. Көп кешікпей бір жылы мықты ашаршылық болып, ел жұтап, ашаршылықтан жұрт тегіс қырылған, сонда әлгі байдың тігерге тұяқ малы қалмай жұтаған. Екі үлкен баласы аштан өліп, бар мал-жанынан шал айырылып, жалғыз кенже баласы қалыпты. Бір күні шал ауырып қаза тапқан.ь

кенже баласы үстіндегі шекпеніне орап, жер ошаққа көмуге-ақ шамасы келіпті (М.Д).

52-жаттығу. Еліктеуіш сөздердің сөз тіркестерін жасаудағы лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Шегебай ауласы даң-дұң шуға толып кетті. Бірінің айтқанына екіншісі құлақ түрмейді, шарт та шұрт. Мұндайда сөзді дайын тұратын Сарқыз шап ете қалды (Б.М.). Кешке қарай Рахым бүкіл денесі дел-сал. Аяш қаңқ ете қалды. Күнде дірдектеп бүрсең қағып, базар басына бір соғады. Арт жағында жол бойында қыбыр еткен жан жоқ, тым-тырыс сияқты. Бала аяғын тыпың-тыпың еткізіп, сүйрете басып, қасында сөлпендеп ілесіп келеді. Есік жақ тықыр ете қалып, біреу кіргендей болғанға, Гүлшат па деп, елең ете қалып еді. гүлшаттың ызындаған дауысы еміс-еміс естіледі. Рахым өзіне-өзі разы болмайды, дел-сал күйде жүр. Солардың бұлтандаған қылт етпе мінезінен тайсақтап, райынан қайтты. (Б.Т.).

53-жаттығу. Еліктеуішті және бейнелеуішті сөз тіркестерін екі бөлек теріп жазыңыз.

Тастан-тасқа ырғыған ат дүбірінің өзі-ақ маңайды жаңғыртып, үрейлі айқайға ұласқан тасыр-тұсыр жер-көкті көтеріп тастағандай болды (К.О.). Сол-ақ екен жанама бойында гу-гу, пыш-пыш әңгіме қоздап, сыпсың өсек, өрттей лаулап жана берді. Аяғында гүрс-гүрс еткен керзі етігі бар. Жаяу-жалпы сан-сапалық жұрт та тапыр-тұпыр етіп, ұбап-шұбап ағылып жатады (Б.Т.). Оған жалт етіп қарамай тұра алған жоқ. Сейіт күтпеген сөзге селк етті. Жігіт денесі селк етті. Жігіт денесі шымыр етті. «Сейіт» деген дауысқа селт етіп, жалт қарады. Гуілдеген сөз біздің жаңа құрылған кішкентай отауымыздың түңлігін желп-телп еткізді (Ә.О.).

3-Тақырып. Есімді сөз тіркестері.

54-жаттығу. Зат есімді тіркестерді тауып, олардың жасалу жолдарына сипаттама беріңіз және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Шынында да, Күләш, Үрия, Жамал апалар, Елубай, Манарбек, Әнуарбек ағалар ән шырқағанда туысқан орыс ормандары бас иіп тындағандай, ғажайып бір жан тебіренерлік әсер қалдыратын. Автоматтарын қолдарына қысып отырып кеткен слодаттардың, танктеріне сүйеніп тұрған танкистердің... ұшқыштардың, тапсырмаға кетуге әзір отырған барлаушылардың жүздері қаншалықты қатыңқы, ызғарлы болғанымен, бір сәтке соғыс деген апатты ұмытып, әсемдік деп аталатын айдыны шалқар терең бір мұхиттан нәр, қуат алғандай балаша жадырап, балаша мәз болып отырғандарын көргенде, біздің де қуанышымызда шек болмайтын (Қазақ календарынан).

Алтай тауларының ұшан-теңіз байлығы да сұлу көркі де осы сыңсыған ормандарымен тікелей байлынысты. Сол ормандарда өскен ағаштардың денін бал қарағай, май қарағай, самырсын, шырша, қайың, көк терек сияқты жоғары сапалы ағаштар құрайды («Парасат»).

55-жаттығу. Сөйлемдегі зат есімдердің сөз тіркестерін жасаудағы лексика-грамматикалық ерекшелігін түсіндіріңіз.

1. Асқар өмірден тосырқап қалғанын енді сезді. Бұрын Айшаға өзі таңдап беретін еді. Сол тосырқағанын Айша да сезді білем, көз қиығын Асқарға бір төңкеріп, официантқа заказ берді. 2. Такси көл жағалап «Шығысқа» қарай зырлап келеді. Асқар мен Айша қатар отырып «Шығысқа» жеткенше әңгіме шертті. Айша шешіле ой тастай сөйлейді де, Асқар жан тәнімен беріле, ықыласын сала тыңдайды. Сөзіне мән беріп, жадына сақтап, өзінше түсінеді. 3. Еркебұлан қағазды кейін оқыды. ... Іштей атысып отырған адамдар тіл қатыса алар емес. Көздер ғана бір-бірін кезек жанап өтеді.

56-жаттығу. Сын есімді сөз тіркестерінің жасалу тәсілдері мен байланысу формаларына қарай ажыратып, сипаттаңыз.

Үйге кірген екі адам еді. Алдыңғысы биік бойлы, сусар бөрікті, қаба қоңыр сақалды, артқысы ауыр қалың қара бөрік киген орта бойлы, жауырынды, мол бурыл сақалды адам екен. Мағаш пен Майқан да алдыңғы қонақты жақсы танып, қатар сәлем берісіп, орындарынан ұшып тұрысты.

Келген екі егде адамды бойларында үй адамдары қоршап қалып шешіндіріп алды. Сырт киім, бас киімдерін шешкізіп, дәл төрге, стол басына отырғыза берді, арқаларына жастық қойысты (З.Қ.).

57-жаттығу. Сын есімді тіркестерді тауып, оларды ерекшеліктеріне ажыратыңыз.

Орташа келген қырлы мұрын енді анық көрінеді. Қырынан қарағанда, бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ, жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жыртылап таралған шашаы қап-қара қалың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес, әшекей сырғасы діріл қағып дамыл алмай, сілкіне түсіп тұр.

Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары уілдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сүре емес, сары ала қып асқан екен (М.Ә.).

58-жаттығу. Сын есімдерден жасалған сөз тіркестерді ажыратыңыз.

1. Сапар сөзін бітіреді де, суыған шайын жұта салды. Байбол қолын қойына тығып жіберіп, ... қолтық қалтадан ескі шүберек алып шықты. Шүберектің ішінен дөңгелек мөлдір жұқа резенкесін шығарды. Оны әуелі түкірікпен, оған жарымаған соң тілімен жалап сия қарындашты ездіді де, ақ қағазға баса берді. 2. Ақын оны сезінген жоқ. Өзгені сезінеді. Жанағы бейнені ұмытып қалар ма мекен? Ақ отаудан үрейленген дауыстар естіледі. Мен мына көк бестіге мінемін.

59-жаттығу. Сан есімді тіркестер байланысқан сөздерді тауып, олардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктеріне сипататтама беріңіз.

Астына мінгені - өзі жасаған бұрандары ағаш ат. Гүлсәнәннің басна кигізгені - жеті өзен жұртының үлгісімен тігілген қалыңдық сәукелесі. Бір жыл бойы таулар мен өзен, көлдерді ұйқы-күлкі көрмей тынысымыз аралап, бай өлкенің асыл тастарынан өзі қашап, өзі мәнерлеп жасаған бұйымдары, жүргізген зерлері саф алтын от бүркіп барады. Ми де күміс күймесіне кіріп ең жүйрік деген қырық малайына төрт жағынан кезекпен-кезек көтеріп, алыста жарқырап кетіп бара жатқан екі жастың соңынан қуып береді.

Әбден шаршап, әлі құрып титықтап, әлсін-әлсін бір құлап, бір тұрып биікке ұмтылған Ғиззат ақтық күшін салып, қуғыншылардан ұзап, ең биік төбеге шығып дамылдапты.

Жеті таудың ар жағындағы жеті елге де жете алмадық. Бұл сұмдықты қараша тау бөктерінде қарасы жиырма шақты үйлі шағын ауыл келесі күні біледі. Дәл кемпірге ұқсап кішілеу екі қоржын асқан бала соңында. Екеуі де үнсіз. Он төртінде дөп-дөңгелек болып мінсіз толған ай иыққа көтерілгенше жүрді (С.Ж.).

60-жаттығу. Сан есімді тіркестер және етістікті тіркестерді тауып, ерекшеліктерін салыстырып көрсетіңіз.

Дүмпілдек балалардың ойыны, 7-8 жасынан тартып 20 жасқа келгенше ойнайды. Ер балалар мен қыздар араласып ойнай береді. Көбінше түн ішінде ай жарықта ойналады береді. Артықша жазды күні болады. Күн жылы болса қораның шетінде балалар жиылады да - а - деп дүмпілдек ойнағанға кіріседі. Ойынның тәртібі мынадай болады: ойнағандар көп болса 14, аз болса 4 адам болуға тиіс. Онан көбі көп болып кетеді, азы аздық болады (М.Д.).

61-жаттығу. Үстеулер қатысқан есімді тіркестерді тауып, олардың жасалуын түсіндіріңіз.

Бір жарлы жігіт жас күнінде оқыған ұстазымен жолығып, өзінің бұл күнде кедей болғандығын шақты. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулері жұртқа қадырлы кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін сөйлейді. «Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің?»-деді ұстазы. «Сенің денің сау, қол аяғын аман, жұмысқа жарарлықсың» және шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрады: «Сен мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?» «Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеспін» деді жігіт. «Қаншаға берер едің жарық дүниені көретұғын қырағы көздеріңді, сқ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды?»-деді ұстаз. «Мен бұларды дүниенің малына да айырбастамас едім»,-деді шәкірт. Сонда ұстаз шәкіртке: «Қалайша енді сонша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің?»-деді (М.Д.).

4-Тақырып. Етістікті сөз тіркестері.

62-жаттығу. Үзіндіден етістікті сөз тіркестерін табыңыздар. Олардың грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Кейін немересімен екеуі қалған кезінде де аңшылықтан қол үзген жоқ. Рас, соңғы жылдары жасы ұлғайып, қайғы қажытты ма, мылтық ұстағанда қолы сәл қалтырып, көзі жасаурайтынды шығарды. Сілтегені тие бермей, мүлт кететін де боп жүрді. Бірақ, Төлеутайын тарықтырған емес. Түз несібесі - тәңірден. Ертемен мылтық асынып кетеді де, кешке жақын талшық етер бірдене алып қайтады. Сөйтіп, ол қоғам өмірінен, саясаттан тысқары, табиғат аясында оқшау өмір сүріп жатты. Түзге шықса қара мылтығын, үйге келсе қара домбырасы мен немересін ермек етті (Қ.Ж.).

63-жаттығу. Сөйлемдердегі етістікті сөз тіркестерінің синтаксистік ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Әйгерім қыстауы Ақшоқыдағы қыстауға ұқсас. Бұдан да асты - үсті тақтайлы, үлкен терезелі, кең де жақсы қонақжай бөлмелер. Көршілер - Дәрмен, Мәкендер және солардай бірнеше жас, тату үйлер. Олардың балалары мен Абайдың жас немерелерін оқытатын Хасен молла дейтін жүзі сыпайы молла бар. ...Күн көптен жылынбай қойды... Әйгерім мен Мәкен өзара сәл ғана сыбырласты. Күні бойы екеуі де бірінің қасынан бірі ығысыңқырап өтіп жүр. Күн бата Еркебұлан келді, кешеден бері Отарбайдың мінезі, тіпті түсініксіз болып кетті. Әлсін - әлсін желкесін қаси береді. Ақлима босағадан басын әрең тартып алды. Дүрс - дүрс жортқан салт аттылар келді. Отауға әлдекімдер үймелесіп жатыр.

64-жаттығу. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерін тауып, компоненттерінің қандай грамматикалық қатынаста тұрғандығын айтыңыз және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағынана жылынған суға тусу, шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намазгер. Тал түсте күн қызып тұрғанда суға түспе, шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе, қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуынды басып, терінді кептір. Терлеген дене жылдам салқындайды., суық тез тиеді. Шешінісімен басыңды сула да суға түс. Суға жүгіріп келіп қарғып я секіріп түспе. Суға кетіп қалуға мүмкін. Су ішінде бір орнында тұрма, отырма, жүз, жүр, көбірек қимылда. Су ішінде он-жиырма минуттан артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі дененді сүртіп құрғат. Киініп алған соң жылынғанша қыдыр, жылы, тынық күні судан шыққан соң біраз жалаңаш отыр, үстіңе күн тиіп тұла бойыңды жел қақасын. Әлсіз, аурудан әбден айыққан адамға тымық жылы күні ғана суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден ұғып ал. Осы шарттарды елемегендіктен адам баласы түрлі бақытсыз уақиғаларға душар болады (М.Д.).

65-жаттығу. Шығыс жалғаулы және барыс жалғаулы сөз тіркестерін тауып, олардың қандай грамматикалық қатынаста тұрғандығын ажыратыңыз және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

1. Тоқа, бәрін білесіз. Несіне биеші болып жүрсіз. Егер мен сіз білгеннің жартысын білсем, бір күн тұрмас едім... 2. Құлындар буынып қалмасын. Күзет қойыңдар. Биені онша қақтамаңдар, төрт - бес сауып алып, ағытыңдар. 3. Поезд Қарағандыға таңертен ерте келді. 4. Асқар вагонның терезесіне жабысып, вокзалды асыға күтеді. 5. Жүрегі лүпілдей, көзіне жас іркіледі. Қазір поезд да тоқтайды, жалғыз бауыры Дәмешті көреді, құшағына алып сүйеді, аласұрған жүрек толас табады. 6. Сонда тайғадан қашып, Іле келгенімде сағынғаным сондай, жата қап жерді сүйгем... 7. - Жерді сүйгем? - деді Дәмеш сенбеген пішінде қайталап сұрап.

66-жаттығу. Септік жалғаулы сөз тіркестерін тауып, оларды түрлеріне қарай бөліп жазыңыз, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп, көңіліне күннен күнге уайым, қайғы түсе бастады. Жамалдың бұл қасіреттерін көбейтуге себеп болған Жұманның жамандығынан құрбы арасында күлі болған істер еді. жұманды үйі қант-шай, ғайыры нәрселер әкелуге қалаға жібергенде, жолда терілерін алыпсатарға сатып, он тенге алатын орнына алданып, бір тиын жаңа бақыр алып келуі еді. Һәм елде бозбалалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің босағасында ұйықтап қалғандықтан, қыздың әкесі таңертен: «Тұр балам, ұйқың қанған шығар», - үйіне жіберуі еді. Мұның һәммәсін Жамал естіген еді (М.Д.).

67-жаттығу. Сөз тіркестерінің түрлеріне қарай және компоненттерінің грамматикалық қатынастарына қарай талдаңыз.

Ата-анасы зарыққанда көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. өзі теңдес қыздардың күйеулерін салыстырып қарағанда, Жұманнан нашары жоқ еді. Басқа шет елдерден күйеуіне разы болмай, екінші жігітпен қашып кетіпті дегенді естігенде, ішінен ойлап: «Олар мен секілді бейшаралар ғой»-деп аяушы еді. «Олар секілді бір жігітпен көңіл қосып қасшам, пәленшенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын. Разы болып Жұманға барсам, ғұмырымша қор боламын ғой», -деп, қайсысын істеуге ақылы жетпей, бағзы уақыттарда түн бой ойлаумен ұйықтамай шығушы еді. Һәм уақыт оындай уайымда болған соң, Жамал жүдеп те кетті (М.Д.).

68-жаттығу. Табыс жалғаулы етістікті сөз тіркестерін тауып, сөйлемге кешенді грамматикалық талдау жасаңыз.

Жаңада өткен бір жәрмеңкеде алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жүз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайынды аралап амандықта жүргенде, осы ойынға кез келген еді. Ғали Жамалмен қатар отырған соң, бір-бірінің халін һәм кім екендіктерін сұрап-білісті. Ғали Жамалдың бұрынғы көріп жүрген жігіттерінен сөзге ұстарлық, сұраған сөзіне толық жауап қайтарып һәм өзі ләззатты сөздер

сөйлей бастағанына маңайындағылардың не істеп не сөйлеп, не ойнап жатқанын естімеген секілді ұмытып, шын ықыласпен кеңеспек те еді (М.Д.).

69-жаттығу. Жатыс жалғаулы етістікті сөз тіркестерді табыңыз және сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Бүгінгі күн көшкен жалғыз Бөкенші емес, Құнанбайдың өз ауылынан көшкендер де бар еді. Ол - Өскенбайдың үлкен үйі, Зере отырған ауыл. Және соның қасындағы Ізқұтты, тағы бірнеше қарабатыр, Жуантаяқ ауылында болатын. Қысы-жызы Ұлжандармен бірге көшіп жүретін Жидебай, Барақты қыстайтын ауылдар. Құнанбай бұл уақытқа шейін ол ауылдарды қыстауларына жібермей, өз тобын бір арада жиып ұстама боп келіп еді. Енді суық түскенде, кәрі шешесін және ұлжан қолындағы жас балаларын тондырып отыра беруге болмады (М.Ә.).

70-жаттығу. Көмектес жалғаулы етістікті сөз тіркестерді тауып, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Ғали үйіне келіп, өзінің бұл іс хақында ақылдас болып жүрген құрбыларымен сөйлесіп, келер жексенбіге ат сайландыра даярлана бастады. Екі досы - Жүніс пен Нұрмаш ғалиды шығарып салмаққа бұлар да даярланып, сені күні «не болса да ертең болады» деп, жас жүректері дамылсыз соғуда еді. Ғали даярланғанда Жамал да қарап датпай, ақырғы сырын туған анасы Шолпанға айтқанның соңында, Шолпан да разы болып, жол қамын ойлай бастаған еді. Жексенді күні де болып, ел жатқан уақытта Ғали, Жүніс, Нұрмаш үшеуі, ерлеген бір ат жетегі бар, жолықпақшы болған сайда даяр болған еді. бұларға һәр бір өткен минут бүркенген жылдай болып: «Қашан келеді, қашан келеді», - деп қарап тұрғанда, бүркенген екі әйел көрінді. Келсе, Жамал мен оның шешесі екен (М.Д.).

71-жаттығу. Етістікті сөз тіркестерін тауып, клипменттерінің қандай тәсілдер арқылы байланысып тұрғанын түіндіріңіз.

- Шырақтарым, енді алла тағала қайырлы сапарын беріп, мақсаттарыңа жеткізсін, қайда жүрсеңдер де аман жүріңдер. Қазір де ешкім көрген жоқ, тоқтамай жөнеліңдер,- деп, Жамал мен Ғалидың беттерінен сүйіп, жыламсырап қоштасып, жастар аттарына мініп жөнелгенде біраз аттарынан қарап тұрып, үйіне қайтты. Шолпан кісі көзіне түспей үйіне барып жата тұрсын, біз мезгілсіз аттанған жолаушыларымызды жолға салып жіберелік (М.Д.).

72-жаттығу. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерін табыңыз және ол тіркестердің сыңарлары қандай грамматикалық қатынастарда тұрғандығына түсініктеме беріңіз.

Ғалидың достарымен ақылдасқанда Жамалды алып барып жатпақшы жері - дуанда өзі бірге саудалас болып несие алып жүрген Фатихолла бай еді. Қазірде ауылдан былай бес-он шақырым шыққан соң, арттарынан қуған ешкімнің дыбысы жоқтығына көз жетіп, тағы да ақылдасып, әуелгі планы бойынша жүз жиырма шақырым жердегі қалаға тартпақшы болды. бұл күні

күн шыққанша елу шақырым жүріп, адам жоқ бір қыстауға келіп жасырынып жатты. Күн батып ымырт жабылғанша бұларды ешкім көрмей, енді тәуекел деп, таң атқанша дуанға жетпекші болып Ғали мен Жамал жүріп кетіп, Жүніс пен Нұрмаш елге қайтты. Ғали, Жамал қалаға саламат жетіп, Фатихолла байдың үйіне келді (М.Д.).

5-Тақырып. Жай сөйлем синтаксисі.

73-жаттығу. Қатар тізілген сөйлемдерді сипаттаңыздар. Сөйлемдердің жай сөйлем не құрмалас сөйлем екенін ажыратыңыз да, құрамындағы сөздердің орналасу тәртібі және синтаксистік қызметіне сипаттама беріңіз.

- Өй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? О не қылған? Айтшы,-деді. -Өй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім, о не қылған-айтшы,-деді. Абай жақсы ұғынатын - шағатай, түркі кітаптары (М.Ә.). Олар - Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптары. Абай, шағатай, түркі кітаптарын жақсы ұғынатын. Шағатай, Түркі кітаптарын жақсы ұғынатын, Абай. Бұл - ауылда тұрады. Арбада екі кісі. Екі кісі арбада. Дұрыс, бұл (С.М.)! Мұз - су қаймағы. Дауыстап айтты ма? Үй іші естіді ме? Оны біле алмады. Дауыстап айтты ма, үй іші естіді ме, оны біле алмады. Тың адам келді екен деп, айтып отырған әңгімесінің желісін өзгертпейді (М.Ә.).

74-жаттығу. Сөйлемнің семантикалық белгілерін анықтаңыз және синтаксистік талдау жасаңыз.

Бастан аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды һәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді қабыл алды. Фатихолла бай өзінше тәуір пікірлі ғана, өзі айтқан сөзін болдыруды жақсы көретін татар еді.

«Жамал Сәрсенбайқызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. Қалың мал хақында дау болса, волостной съезге саларсың», - деп (М.Д.).

75-жаттығу. Сөйлем түрлерін, олардың өзіне тән мағыналық, грамматикалық, интонациялық ерекшеліктерін анықтаңыз.

Сахнада қойылатын ерекшелігі болғандықтан, меніңше, драматургия, ең алдымен мыналарды талап етеді: бұнда уақиғаны, әрекетті бірнеше арнаның емес, негізі бір арнаның төңірегіне құрып, барынша шиленістіру керек, белгілі әлеуметтік ортаға тән характерді романдағы секілді бірнеше адамның тұлғасынан көрсетпей, бір адамның тұлғасынан көрсеткен жөн. Оның үстіне, көруші «енді не болар екен?» деп уақиға сонын шыдамсыз ықыласпен күтіп отыратын болуы да даусыз шарт. Ендеше, кейде тіпті тәуір романның өзінен кездесіп қалып отыратын кейбір уақиға селкеулігі, созалаңдылығы драматургиялық шығармадан ешқандай орын алмауға керек (Ғ.М.). Есімді білген соң Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой. Құдай біледі, қазақ

баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір білетін жұрт қайда? (Б.М.). - Кім екен? Қайсысы екен? - Мен қайдан білейін (Ғ.М.).

76-жаттығу. Жай сөйлемнің мағыналық түрлерін анықтаңыз және синтаксистік талдау жасаңыз.

Көркем әдебиеттің ерекше бір қиын жанры болып табылатын драматургия көбінесе әрекетке құрылады, бұдан тартылыс мейлінше шиленісіп отырады, айқын көрінеді деседі. Бұған, әрине, дау болмасқа керек. Бірақ, осы шарттар әдебиеттің басқа да көрнекті жанрларына керек емес пе? Адам әрекеті күшейіп, ой-қиялы өрістеп, ішкі дүниесі терең суреттеліп отырмайтын роман біздің заманда ұзақ өмір сүруі мүмкін бе? Мүмкін емес! Ендеше екібір жазушының жалқау қиялы «қайтып келмеске кеткен» баяғы бір жалқаулығын жандандыруы мүмкін емес екені де анық (Ғ.М.).

77-жаттығу. Сөйлемдердің лексикалық, грамматикалық қалыптасу амалдарын түсіндіріңіз және синтаксистік талдау жасаңыз.

-...Жақсы сөз емес қой, «кірме» деген (С.М.). Абай әлі бұл жайдан хабарсыз. - ...Жылқыда өре жоқ, малда тіл жоқ. Қайда басқанын кім білсін? ...Казанцев патшалық әмірінің бұл өңіріндегі үлкен өкілі өзі екендігін ұмытпайды (М.Ә). Есімді білген соң Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой. Құдай біледі, қазақ баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір білетін жұрт қайда? (Б.М.). - Кім екен? Қайсысы екен? - Мен қайдан білейін (Ғ.М.).

78- жаттығу. Әр сөйлемді шағын мәтінге айналдырыңыз.

1. Албырт жастық. 2. Мұның бәрі - туған жердің құрметі. 6. Мынау отырған - менің жақсы досым. 3 Поэзия тарланы - Мұқағали. 4. Мақсатымыз - жақсы азамат болу.

79-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз және олардың өзіне тән мағыналық, грамматикалық, интонациялық ерекшеліктерін анықтаңыз.

1. Тоқа, бәрін білесіз. Несіне биеші болып жүрсіз. Егер мен сіз білгеннің жартысын білсем, бір күн тұрмас едім... 2. Құлындар буынып қалмасын. Күзет қойыңдар. Биені онша қақтамаңдар, төрт - бес сауып алып, ағытыңдар. 3. Поезд Қарағандыға таңертен ерте келді. 4. Асқар вагонның терезесіне жабысып, вокзалды асыға күтеді. 5. Жүрегі лүпілдей, көзіне жас іркіледі. Қазір поезд да тоқтайды, жалғыз бауыры Дәмешті көреді, құшағына алып сүйеді, аласұрған жүрек толас табады. 6. Сонда тайғадан қашып, Іле келгенімде сағынғаным сондай, жата қап жерді сүйгем... 7. - Жерді сүйгем? - деді Дәмеш сенбеген пішінде қайталап сұрап. 8. - Ол сөкет пе, балам?... Адам алыста жүргенде ең алдымен жерді сағынады. Жерді анаға теңеу содан шыққан. Сендер әлі жассыңдар, не білесіңдер. Туған жердің топырағына аунау адамды бір жасартады деді Құрышбай. 9. - Ағатай, сізде ауаңыз, жасарар ма екенсіз. 10. Асқар мен Құрышбай қатар күлді. 11. - Асқардың әлі қартайтын жасы ма? Осы

сен нешедесің? - деді Құрышбай. 12. Еркебұлан қатты қысылды. 13. Үні жаман болатыны - мойны қысқа. 14. Әттен, таза болады дегеніңе илану қиын.

80-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз, құрамындағы сөз тіркестерінің сыңарларының тіркесу тәсілдерін ажыратыңыз.

1. Қой малы алысқа кете алмай, ауыл маңында қалады. 2. Осы ай туғалы дүниені буалдыр тұман басып алды. 3. Түнде ғана өзімен қатар жатқан әке - шешесінің орны бос. 4. Бірақ Айқыз оларды іздемеді. 5. Мен Айқызыннан өзімнің жас шағынды көргендей боламын. 6. Үйін басқара алмаған жиын басқара алмайды. 7. Тәуекелдің кемесі суға батпайды. 8. Жоқ, біз жұмысымызды Ұлпан бәйбішенің өзіне ғана айтамыз да қайтамыз. 9. Онда, қайта беріндер. Ол кісі ешкімді қабылдамайды. 10. Әсіресе, Қожықтың адамдарын қабылдай алмайды. 11. Сен бірдеңе жазып отырмысың, жігіт. 12. Ауыл сыртынан ат дүбірі естілді. 13. Қой жүн ақ шекпенді жалаң етіп киіп, белін ала жіппен бос байлай салған жігіт ұша жөнелгелі отыр. 14. Отауға екі жігіт кіріп келді.

81-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді синтаксистік талдау жасаңыз.

1. Үй дегенді жалғыз бөлменің сықырлауық есігі жартылай ашық тұр екен. Сол жақтан шешесінің үні де келіп жетті. Айқын көрпесімен басын тұмшалап қойды.

2. Ел байлығы әр жылғамен келіп құйылған бұл үй тек байлықтың ордасы ғана емес, сонымен бірге қазақ қолөнерінің көрмесі сияқты. 3. Жылға суы теңіздің түрін бұзбайды. Екеуіміздің сөзіміз де шын жүректен шыққаны даусыз. Ол маған ұнап қалғандай. Әсіресе мінезі. Ал мінезі жақсының түрі де жақсы. Енді мен сол жүректің сөйлеуін тілеймін.

6-Тақырып. Жай сөйлемнің түрлері.

82-жаттығу. Төмендегі болымды хабарлы сөйлемдердің қандай лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы болымды мағынада жұмсалғанын түсіндіріңіздер.

Халықтық шығармаларды оқудан, көруден еш жалықпайды. ...Ішіндегі қуанышын жасырып тұра алмады. - Алдияр, көшпейін деп отырған - біз жоқпыз (Ғ.М.). Жырлап көріскен, құшақ қосып қауышқан қалың қарындас арасында жырлап көріскен шешен ділмар да аз емес. - Россияда түбі бір жақсылық тумай қоймайды. Бұның да есебі жоқ емес-ті. Абай... Мағыштың сақтығын теріс көрген жоқ (М.Ә.). Шелапутиннің де ұшқыш боламын дегені бос сөз болмай шықты (А.Мак.). -Жаман емес екен (Ғ.М.). - Ойбай, жеңге, біз сөгетін адам емеспіз... (Б.М.).

83-жаттығу. Мына сөйлемдерден толымды және толымсыз сөйлемдерді тауып ерекшеліктерін ажыратыңыз, құрамындағы сөз тіркестерінің сыңарларының тіркесу тәсілдерін ажыратыңыз.

Байжан әуелгі қыз қашып, халық жиналған күннен бері құпия һәр жерге қыз бен жігітті іздеуге кісі жіберген екен; һәр бір барар деген шүбәлі орындардың һәммасында жоқтығын сезініп, ақырында қалада Фатихолла байдың екендігіне көзі жетіп, шаһар ішінен қол іс қылып ала алмапыз, Фатихолла бұл елде алтын екі мың теңгедей несиесі бар ғой, енді бұл қашқындарымызды сақтап, халқымыздың жақсыларының тентек деген кісісін шығарып бермесең, несиенің бергізбейміз десек, қорқар деп маслихат етті. Осы сөзді айтуға келген кісіге Фаихолла бай ішінен қауіптеніп, былай болуы да бек ықтимал деп ойлап жауап берді.

- Дұрыс, әуелгі уақытта ұлыққа арыз беру үшін ғана бізге үш-төрт күн болып қонған еді. Қазірде бізден кетті, қайда екенін білмеймін. Егерде мұнан былай бізде екендігі білінсе, халқымыздың не қылғанына разымын,-деді. Бұл кісі Фатихолла әлгі сөзіне нанып, елге қайтты (М.Д.).

84-жаттығу. Жақсыз сөйлемдердің синтаксистік ерекшеліктеріне қарай талдаңыз, жақты сөйлемдерді жақсыз сөйлемдерге айналдырып жазыңыз.

- Мына кәпірлердің сырлары өзіне мәлім ғой, енді басқа бірнеше жерге барып паналағанын өзіңе де, бізге де пайдалы болар еді.

Ғали да бұл сөзіне түсініп:

- Қайыр, Фатихолла абзи! Мен сізге разымын, залымдар не қылады деуге болмайды. Олай болса, мұнан үш шақырым жерде атамның нағашысы бар, сонда барайын,-деп, ертеңіне жүруге даярланды. Ғалидың өзінде жегуге екі ат бар еді.

- Фатихолла арба-сайман һәм елу теңге ақша беріп, қалам шығарып, «қайырлы сапар» деп дұғада болып қалды. Ғали, Жамал да өздерінің ата-анасынан айырылғандай болып қимай, жылап айырылысты (М.Д.).

85-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді грамматикалық талдау жасаңыз.

Ғали әуелден ноғайша киініп жүретін һәм Жамалды да ноғайша киіндіріп, шәлі бүркендірген соң жолда көрген кісілер шүбәсіз ноғай деп біліп, бұлардан қауіптенбей, көңілдері шаттанып, оңашада ойындағы сөздерін сөйлесті.

Ғали сұрады:

- Егер жаман айтпай жақсы жоқ, өстіп жүргенде қолға түсіп сені меннен айырып әкетсе, қайтер едің, көніп кетер ме едің?-деді. Жамал:

- Құдай сақтасын, не айтасың, жаным сенің жолыңда құрбан, сеннен тірі айырылғаннан өлім маған көп артық,-деді. Бұлар бұл секілді сөзбен келе жатқанда сәске түс болып, жолшыбай ағаштарды аралап, бір көлдің жағасынан өтті (М.Д.).

86-жаттығу. Мына сөйлемдерден жақты сөйлемдерді анықтаңыз және оларды синтаксистік ерекшеліктеріне түсініктеме беріңіз.

Маңайында ел болмағанға бұл көлде неше түрлі қаз, аққу, ғайыр құстар биқисап көп еді. Атырабындағы жердің һәммасы тамылжып кілем төселгендей болып, желсіз күнде көл айнадай жарқылдап, алыстан сағымдар

мұнарланып, біздің екі ғашық біраз тамшыға қалып келе жатқанда, Жамал ойына бір нәрсе түсіп кеткендей ән салып, мына өлеңді айтып жіберді:

Ғаламды он сегіз мың жаратқан хақ,
Көп беріп біреуге мал, біреуге бақ.
Біреуді ғалым, біреуді залым еткен,
Біреді мұңлы жараттың, біреуді шат.

Тамаша аспан менен жері қандай,
Зеңгір тау, дария шалқар көлі қандай.
Орман-тоғай гүденген бақшалары,
Пайдаланған бұлармен елі қандай (М.Д.).

7-Тақырып. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

87-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, тұрлаулы мүшелердің синтаксистік ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Осынша кең үйге жиналған жүк те жоқ. Бұл - дүниелік үю үшін емес, иесінің рақаты үшін жасалған үй. Кереге тұтас кілем ұсталған. Әдейі жасатқандай, бәрінің өрісі де бірдей, түктері мен түстері де үйлес. Төр жақта күрең түкті, екі бүйірден босағаға дейін көк түсті кілемдер. Бұхара, Хиуа арқылы келдік, бүгін ғана қолға ұстандық деп тұр. Күміс жапқан төрт адалбақан екі-екіден бөлініп, екі босаға жақын орнапты. Бұл - басқа мен камшат бөрік, түлкі тымақтарын араластыра ілетін мақтаныштары. Бұл үйдің босағасында ғана тұр. Табалдырықтан бастап төрге дейін төселген түлкі кілемдер табаныңнан тартып былқ-былқ етеді (Ғ.М.).

88-жаттығу. Сөйлемдерден күрделі бастауыштарды тауып, жасалуын жолдарын түсіндіріңіз.

- ...Мен сізге көңілімді көптен бөлулімін. Сіздің Москваға оқуға... не себеппен кеткеніңізден де хабарым бар. Қалай оқығаныңызды да сұрастырып жүрдім... Сіздің дипломыңызды біреу маған жаңалық деп мақтады. Анығын айтқанда, осы кезге дейін сізді бұл облыстың қызметінде қалар деген сенімім берік емес еді. енді бекіндім де, қуандым да! ...мына қазылғалы жатқан каналда әлі күнге дейін бас инженер жоқ. Бір кандидатура болып еді, - бекітпедік. Мамандық жағынан да, жергілікті халықтың тілін, салтын білу жағынан да сіздің кандидатураның бұл қызметке қатып тұр. Бұл ұсынысқа сіздің тез жауап бере қоюыңыз қиын екенін білем. Әзірге сізді қыстамаймын да. Ойланыңыз, өлшеніз; жауабын содан кейін бересіз (С.М.).

89-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, сөз тіркестерін түрлеріне қарай ажыратыңыз.

1. Бірақ бұл күлкілердің астарын мен түсіндім. 2. Айсұлу мұндай сөздерді көп еститін. 3. Қазір соңғы розалар да семіп қапты. 4. Сен үзімді төрттен-бестен асайсың. Арқадан келген қазаққа айтылған бір сөзді білесің бе? 5. Арман қарсыласқан жоқ. 6. Ажар да келіп жетті. 7. Қала көшеслері - ағылған халық. 8.

Дәмеш ықыласын сала тыңдады. 9. Ұзамай бұл дүрбелең де аяқталды. 10. Еркебұландарды қуып жетті.

90-жаттығу. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін тауып, сөз тіркестерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

1. Адам ең алдымен жерді сағынады. 2. Жерді анаға теңеу содан шыққан. 3. Сендер әлі жассындар, не білесіңдер? 4. Туған жердің топырағына аунау кісіні бір жасартады. 5. Әсіресе, шаттана күліп, жүрек сырын шерте сөйлеген - Дәмеш. 7. Бұл халық арасына көп тараған Сәкен Сейфуллиннің өлеңі. 8. Жастар әнге салып, қосылып айтатын. 9. Мынау - жеке дауыс. 10. Бақыт деген - қуаныш тағы. 11. Оқушылары әр қилы: әйел, еркек, үлкен, кіші, бала - бәрі аралас. 12. Малқарға тақау отырған төрт бұрышты қара - Жәнібек. 13. Сайлау тақалып қалды. 14. Ана жақтағылар әлі сөйлеуде. 15. Алып қашан да анадан туады. 16. Екеуі - шөбере. 17. Өзі - жөн білетін, пысық жігіт. 18. Әзір скрипканы жалғыз тартқан - Әбіш. 19. Немене, күтіп отырған біреуің бар ма еді? Тіл жетпесті үн жеткізіп жатыр. Үй иесінде бір қозғалақтау бар.

91-жаттығу. Етістік баяндауыш типін сипаттаңыздар. Әр сөйлем бойынша баяндауышты белгілеп, оның қандай рай, шақ тұлғасында қолданылғанын, қай жақ мәнді екенін атаңыздар.

Айсыз ашық аспан. Жұлдыздар сайрап тұр. Үркер төбеден ауып кетті. Тымырсық аяздағы тымық әуені сіміре, Жақып күндегі әдетімен колхоз ауылын аралап келеді. Шақырылған өз аяғынан өзге тырып еткен дыбыс жоқ. Аппақ, кең далада ауыл көсіле ұйықтап жатыр. Ақ бесікте құндақтаулы бала сияқты. Жақып байыппен қарап келеді (Ғ.М.).

92-жаттығу. Мына сөйлемдерден бастауыш пен баяндауышты ажыратыңыздар және олардың түрлеріне қарай сипаттама беріңіз.

Енді оқушыларға елде болып жатқан уақиғалар мағлұм болсын.

Жамал қашқан күні таңертең Сәрсенбай намазға төсектен тұрып, түндік аштырып азан оқып болғаннан кейін, Жамалдың жоғын көзі көріп, қатындарынан.

- Жамал қайда кеткен?-деп шүбәланып сұрай бастады. Шолпан да еш нәрсе білмегенсіп:

- Жамалжан тысқа шыққан шығар,-деп тұрғанда Сәрсенбайдың бәйбішесі:

- Ойбай, бетім-ау, бір сұмдық болған екен ғой, Жамалдың ілулі тұрған киімдері қайда?-деп сол минутта Жамалдың қашқаны мәлім болды. Үй іші сасып, ренжуде болып, сол сағатында ауыл да жиналып ақылдаса бастады, біреулері (М.Д.).

93-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, тұрлаулы мүшелердің түрлері мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай түсініктеме беріңіз.

- Жоқ, мұны Дүйсенбектің қу баласынан басқа ешкім әкеткен жоқ. өздерінің де соны патшаның баласындай әлдеқандай көріп тым еркінсітіп

жіберіп едіңдер, ал енді қайтер екенсің,-деп, Сәрсекеннің жалғыз басын даң қылды. Сөйтсе де мәслихаттасып: «Осындай мағұлымсыз біздің баламыз, сіздің келініңіз Жамалды біреу түнде алып кетіпті, енді не қыламыз», -деп Байжанға кісі жіберді. Және бір жағынан астыртын Ғалидың ауылына да кісі жіберді. Кешке таман Ғалиларға кеткен жігіт бүгін түнде Ғали, Нұрмаш, Жүніс үшеуінің жақсы аттарына мініп үйлерінде жоқ болып шыққан хабарын алып келген соң, шүбәсіз істің анығын біліп, Байжанға екінші кісі жіберді (М.Д.).

94-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, баяндауыштарының атаулық мағынасы мен грамматикалық мағынасын ажыратыңыз.

- Мінеки, Дүйсенбектің баласы алып кетіпті, ендігі ақылын өздеріңіз білесіз,-деп. Бұл күн оылай хабарлармен өтіп, екінші күнде Байжан жиырма жігіт ертіп, «бәлемнің шаңырағына қобыз тартайын», -деп, Сәрсенбайдың ауылына келіп түсті. Бұл өткен түнде Нұрмаш пен Жүніс те үйлеріне жеткені мағұлым болып, аттары сүйемектей болғаны әркімге көрініп қалған еді.

Байжан істің анығын білген соң жолдастарынан бес кісіні түнде аттандырып, Ғалилардың ауылынан жылқы алдыруға жіберді һәм болысқа кісі кісі жіберіп хат жазды (М.Д.).

95-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, тұрлаулы мүшелерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сипаттама беріңіз.

- Мінеки, осындай оқиғалар болып қалды, билеріңізді алып мұнда келіңіз!-деп. Байжанның барымтаға аттанған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды. Күллі жиылыстың расходы Сәрсенбайдың мойнында болып, қорыққаннан бір ауыз сөз қарсы айтуға халі де жоқ еді, хәттә жан-жаққа шаптырып жатқан аттар да Сәрсенбайдікі еді.

Үш-төрт күннің ішінде бір болыс елдегі керекті кісілер жиналып, бір үлкен съезд болды. байжанды жақсы көргендер халық халық жиналған жерде (М.Д.).

96-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, сөйлем мүшелерінің грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Бұл түн өтіп, таң атты. Болыс-билер повеске жазып, Ғалидың атасы Дүйсебекке һәм Нұрмаш пен Жүніске шақырушы кісі жіберді. Бұл үшеуі де хабар тиген соң бармай қалудың лажын таба алмай, өздеріңе қараған атқа мінер кісілерін алып, Саумалкөл басындағы құрылған съезге келіп жетті. Тістерін қайрап отырған болыс пен билер бір сағат кешіктірмей тексеріп, қолға ала бастады. Екі жағынан сұрастырып келгенде қыз алып қашқан жағы: «Енді біз қолмен істедік, мойынмен көтереміз ғой, бір тентектің мұндай ел арасын айырып сөзді қылғанына өзіміз де режиміз, жолымен мал беруге разы боламыз», -деді (М.Д.).

97-жаттығу. Өлең жолдарына синтаксистік талдау жасаңыз. Әр сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.

Көзім тоймас қарасам тамшасын,
Қисабыңа ми жетпей адасасын.
Заң түзеп, закон жайып, патша отырып,
Қараған ғаділдіктен қарашасын.

Таласқан аспан менен таулар биік,
Мекендер аю қасқыр, марал, киік.
Ұжыматың шешмасындай бұлағына
Кетпей ме қарап тұрған іштен күйік?

Аспанда ай мен жұлдыз, күні қандай,
Қалғыған мұнарланып түні қандай.
Сауда балық, көлде құс, тоғайда аңдар
Шулаған неше түрлі үні қандай (М.Д.).

8-Тақырып. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

98-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап, толықтауыштардың лексика-грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға төсіле қарамайды. Көзін төмендете берді. Абайға оның пішіні - көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде әжімі де аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе - мұның бітікшелеу, кішкене келген көздері (М.Ә).

99-жаттығу. Мына өлең жолдарынан анықтауыштарды табыңыздар. Олардың тұлғасы жағынан қандай анықтауыш екенін айтыңыз.

Жаннаттай тамашалы жазы қандай,
Келетін ұшып аққу, қазы қандай.
Ескіріп өткен күнді кәрілері,
Жастардың және де айтқан назы қандай.

Сықырлап келіп қалған қысы қандай,
Қар жауып су қатырған мұзы қандай.
Бергенсоң алла қуат жан сақтарлық
Жүреді мақұлықтар үсік алмай.

Біз ғаріп сол пананда саялаған,
Дұшпандар рақымсыз аямаған
Жіберсең жалғыз тамшы рақметіңнан,
Болса құтылармыз қай арадан (М.Д.).

100-жаттығу. Мына сөйлемдердің пысықтауыштарын анықтаңыздар, пысықтауыштардың түрлерін көрсетіп, жасалуын жолын айтыңыздар, оларға қатысты сөйлем мүшесін анықтаңыздар.

Ғали, Жамал жолда төрт қонып, Қырыққұдықтағы нағасшысы Бабас деген кісінің үйіне келіп жатты. Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, елдегілер бұрынғы қалпынша дауласып қағаз үстінен қағаз айдап, бір берекесіз аяғы үзілмейтін дауға кіріскен еді. Ғалидың нағашысы да һәм сол елдің жақсы кісілері еді. «Енді бұлар бізді пана тұтып келеді ғой, бізде елдігімізді көрсетіп қорғалық, көп болса екі жыл дауласар, оның ар жағында өздері де шарашар», - деп жастардың көңілін бұрынғыдан да қуантқан еді.

Бұл мүсәпірлердің бақытсыздығына қарсы бір күні Ғали төсектен ауырып тұрды. Нағашылары да үрписіп қалып, Жамалдың түсі қорыққанынан өзгеріп кетті (М.Д.).

101-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, пысықтауыштардың өзі қатысты сөйлем мүшесімен бірге қандай грамматикалық қатынаста тұрғанын айтыңыз.

1. Еменнің түбі - сары бал,
Еріскен - көңіл бәрі - бал.
Жоғарыдан төмен төгейін,
Қасыма ерген жолдастар.
Керегіңді теріп ал (М.Д.).

2. Ғали: «Тұла бойы қызып, сүйектерім сырқыраған секілді болып тұр», - деп тынши алмай, науқасының күштілігі көрініп, төсектен тұра алмай жатты. Нақасы күннен-күне ауыр тартып, төрт-бес күннің ішінде бек қауіпті секілді көрінді. Һәрбір тамыршы дәрігерлерді әкеліп тамыр ұстатып, ұшықтатып-қақатырып көрсе де тәуір болмады. Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісті. Бір минут Ғалидың қасынан кетпей, һаман ауырды деген жерлерін сипап, мөлдіреген көздерін Ғалидан алмай қарап отыратын болды (М.Д.).

102-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, тұрлаусыз мүшелердің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне қарай түсініктеме беріңіз.

- Менің бақытсыздығым өз басымнан асып, кесапаты саған да тие бастады, ақыры қайырлы болсын, - деп, Жамал Ғалиды құшақтап жылап та алушы еді. Ғали:

- Жылама, алла сақтар, жазылармын, қазынасы кең бір сағатын жіберер, - деп өзін өзінен де Жамалдың көңілін жұбатушы еді. Сөйтсе де дерт күшейіп,

Ғалидың халі нашарға айналады. Нағашылары: «Еліне хабар жіберелік», - деп еді, Ғали рұқсат етпеді.

- Алланың жазғанынан қашып құтылмаспын, құдай сақтар, жібермеңіздер, - деп тоқтатты.

Он күнде науқасы сонша ауырлап, хәттә арыздаса бастады. Жамал бейшара қияли болған кісідей бағзы уақытта басы айналып, талып та қалып, Ғалиден:

- Мен енді қайтемін, сеннен қайтіп тірі қаламын, сенсіз дүниеде мен не боламын? - деп неше мәрте сұраса да, Ғали:

- Құдайға тапсырдым, - дегеннен басқа еш жауап айта алмады (М.Д.).

103-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді синтаксистік талдау жасаңыз.

Махамбет ұл болып туған жастың мақсаты: «Ереуіл атқа ер салу, егеулі найза қолға алу, алты малтаны ас қылып, ат үстінде күн көріп, ашаршылық шөл көріп» жүріп, жаудан кек алу, халықтың жерін, арын қорғай білу деп түсінеді. Міне, Махамбет жарқын ойлы, жалынды ақын ретінде тарихқа осылай келген. Махамбеттің көтеріліске дейінгі өмірі мен ақындық қызметі әлі толық зерттелмей келеді. Көпшілікке мәлімі тек оның өзі қатынасқан шаруалар көтерілісі кезінде өмірінің соңғы жылдарында айтқан өлеңдері мен толғаулары ғана. Осыған қарап, ақын таланты тек көтеріліс кезінде ғана туды деп тұжырым жасауға келмейді. Махамбет те басқа ақындар тәрізді қалыптасу, даму, өсу кезеңдерін басынан кешірген. Кейбір зерттеулер бойынша ақын көтеріліске дейін айтысқа түсіп жүрген көрінеді.

Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы алғаш тарихи шынайы пікір түйіндеген орыстың белгілі ғалымы, қоғам қайраткері Е.П.Ковалевский.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы осы көтеріліспен байланысты. Махамбет ең алдымен ақын, оның өлеңдері ауызша тарап келген. Сөйтсе де, өлеңдері өзінің мазмұны жағынан, түр өзгешелігі жағынан бұрынғы ауыз әдебиеті теңбірінен жоғары, жазба әдебиетке бір табан жақын тұр. (Х.С.).

104-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сөз тіркестері мен сөйлем мүшелеріне қарай талдаңыз және сөз тіркестерінің басыңқы-бағыныңқы сыңарларының байланысу тәсілдері мен формаларына қарай ерекшеліктеріне тоқталыңыз.

Майлықожа елдің ауыр тұрмысын, халықтың басына түскен қиыншылықтарға, жұт болған ауыр жылдар қасіретіне көптеген өлеңдер арнаған. Әсіресе, қоян жылғы аштық пен қиыншылық, шаруалар күйзелісі ақынды мықтап толғантады. Осындай қиын-қыстау кезеңде халық қамын ойлау әрбір ел азаматының міндеті болса, бай-мырза атанып жүргендер бұл міндетті атқара алмай, керісінше, енді жұртпен бірге қосылып талап, шаруаның титығына жетіп жатқанын көрсетеді.

Майлы өлеңдерінің біразы қазақтың би, болыстарын сынауға арналған. Ел билерінің осындай жұғымсыз қылықтарын, пасықтығын шындық тұрғысынан таныта келіп, ақын адамгершілікке, әділеттілікке үндейді, адамға ең қажет нәрсе адал еңбек етіп, адал өмір сүру деп біледі.

Парастты ер жігіт

Жақсыдан ғибрат алады

Ерінбей бейнет еткеннің
Еңбегі дейді жанады.

Ол адам тағдырын сөз етіп, тіршілік қамын ойлауды ұсынады. Дүние, дәулеттің өзгермелілігін тұспалдайды:

Мезгілді күн өткен соң,
Таулар да тұрмас құламай,
Азғындаса арықтап,
Арғымақ қалар жүре алмай

Майлы өлеңдерінің тағы бір өзіндік тақыры- әйел жұртының өмірден, жанұядан алатын орны. Ақынның түсінігінше әйел затының өмірдегі орны бөлек. Оларды ескермеуге болмайды. Үй құты, өмір көркі, жанұя сәні - әйел. Әр үйдің ырысын молайтатын да, ер-азаматтың даңқын зорайтатын да әйел заты. Бірақ әйелдердің де «жақсы», «жаманы» бар. Олар да ерлер сияқты 2 топқа бөлінеді. Әйелдің жақсылығы тек көркінде ғана емес, ісінде, адамгершілігінде, ақылы мен өнерінде. Жақсы әйел жігітке шын серік, сарқылмас ырыс (Х.С.).

105-жаттығу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз және бірыңғай мүшелердің сөз тіркестерін құрау ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Базар өз кезіне дейінгі жасаған қазақ ақындарын жақсы білген. Оның ішінде Шернияз, Өтеген сияқты Ақтөбе ақындарын, Қарадос, Өске сияқты Қостанай ақындарын, Сералы, Садыр сияқты Арқаның атақты ақындарын ол өзінің өлеңдеріне қосып отырады.

Жыраудың өлеңдерінде Дулат, Шортанбай, ақындар сарыны, кейде Махамбет сарыны да байқалып отырады.

Кейбір тұстас ақындарын сынға алып, олардың шығармаларындағы мәнсіздікті-дәмсіздікті атап көрсетеді. Қажыған халық бойына қуат құяр нұрлы сөзді толғауды ұнатады.

Тегінде базар кезіндегі үстемдер қоғамына батыл сын айтып, оларға наразылар жағын қолдап отырса керек. Ал үстемдер мұндай қызба, өжет жыраулардың көмейіне құм құйып, аластамақшы болғанға ұқсайды. Базар қаншама қарсылық көрсе де өзінің сара жолынан таймаған. Елі, халқы үшін адал жұмыс атқарған. Дұшпанын сынаудан жалықпай, тілін тартпай өткен.

Базар өлеңдеріндегі негізгі пікір-жоғары адамгершілікті уағыздау. Ол адам деген атқа тән әділ, адамгершілік іс қыла білуге үндейді. Ақын бала оқытып, молда атанып жүргендерге шүйліге түседі. Олардың қолы адал емес, арын сатып мал тапқан арамзалар екенін батыл әшкерелейді. Оларды жомарт адал жандардың тобына мүлде қосуға болмайтынын айтады.

Заманындағы қоғамдық топтарды іріктеп, оларды өзінің сын-елегінен өткізеді. Тек қана молда емес, соларға үстем қоғам иелерін тізіп, оларға да сын айтады. Құлқынына құл боп тойынған би болыстар мен ел қорғауды мүлде ойлаудан қалған батырсымақтарды бар деуден гөрі жоқ дегенді жақсы көреді (Х.С.).

9-Тақырып. Құрмалас сөйлем синтаксисі.

106-жаттығу. Мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді табыңыз және сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Барлығы он үш күн ауырып, бейсенбі күні түс кезінде жаңа гүл шашылып келе жатқан бақшадай жанып тұрған жас ғұмыр сөнді. Алла рақмат тілесін. Жұма күні халық көп жиналып, жаназа оқып, Көкен моласы деген зиратқа апарып қояды.

Ғали жан тәсілім қылғаннан бері Жамал ессіз болып жатқан еді. Нағашылары да үлкен уайым қылып, «бір сапар бізге мұндай жұмысты болып келгенде бейшаралар бүйтіп қалды, қолымыздан өлтірген секілді болдық-ау», - деп, өздері ақылдасып, естіртіп хәм хабар айтуға кісі жіберді.

Хабаршылар Ғалидың үйіне, Жамалдың үйіне кісі салып естіртті. Екеуінің де ата-аналары қағазға жазып келтіре алмастай жылап, зарлап, қайғыланып дұшпандары хәм сол жерде табалап шатланған еді. Көп тоқтамай Ғалидың ата-анасы хәм Жамалдың шешесі қасына жолдастар алып, аянышты өлім болған жерге жетті. Келісімен жылап-сықтап, зиратқа барып мауқын басып, ауылға келді. Жамал бейшара аз күннің ішінде сүзектен тұрған кісідей болып, келген ата-аналарымен жылап көрісуге де халі келмеді (М.Д.).

107-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз және сөйлемнің құрмаласу тәсілдерін ажыратыңыз.

- Жылама, балам, бақытсыздығыңнан көр, құдай жазбаған, обалың бізде секілді. Әуелде қазақшылық қылмадық дегенмен, мұндай іске себеп болған секілді болар ма едік? Тентектік қылсаң да, теңінді тауып едің, бірақ Алла лайық көрмеген соң, жылағаныңмен не өнеді, - деп бір сыпыра насихат айтты. Ғалидың да шешесі жылап:

- Қарағым, Ғалижан мен Жамалжан қашан елдің сөзінен құтылып, оң жағымды қарайтып отырар деуші едім, ол тілегіме құдай жеткізбеді, - деп сөздің аяғын бітіре алмай, еңкілдеп жылап жіберді.

- Бұлар үш қонған соң, қайтатын күні Ғалидың зиратына дұға қылмақшы болып келген еді. Молда құран оқып болған кейін, Жамал Ғалидың қабірінің басын құшақтап отырып, көзінен жас ағызып сөйледі (М.Д.).

108-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз және сөйлемнің құрмаласу тәсілдерін ажыратыңыз.

-Ғали» Ғали! Бақытсыз болған Жамалдың қасына келіп тұр, алла тағала маған сенің қабірінді көрсеткенше, мені алғаны жақсы болатын еді, бірақ бұйрықсыз жан шықпайды екен. Дүниеде бір рақат ғұмыр өткермекпін, Ғали тұрғанда еш жаманға қор болмаймын дегенім тәкәппарлық екен. Алла қабыл етпеді, үмітім кесілді, Ғали. Қып-қызыл шоқтың ішінде тастап, алыс сапарға жөнелдің, өзің үшін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жаным барда сені ұмытпақ емеспін, кеш мені! Дүниеде падшаның баласы болса да саған теңгермек емеспін, Қош, жаным! Ғали! (М.Д.).

109-жаттығу. Құрмалас сөйлемдерді тауып, құрмаласу жолдарын түсіндіріңіз.

Соғыс тоқтасымен- ақ, Кеңес елі бейбіт құрылыс ісіне кірісті. Соғыс бұзып талқандап кеткен халық экономикалық міндеттер қойды. Жаңа бесжылдық жоспар жасалды. Оның салмағын соғыстан өткен азаматтар арқалауға тиіс болды. Партия әдебиеттің алдындағы міндеттерін де осы әлеуметтік істермен байланысты белгіледі. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп келіп, бейбіт еңбекке кіріскен адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен суреттеу талабы қойылды. Мұндай заман қаһарманының ішкі сыры мен қалыптасу жолы да күрделі еді. Соғыста ұтып шыққанмен, оның бойында да, ойында да соғыс жарақатының зардабы аз емес - ті. Ол соғыста құрбан болған жас тағдырлар мен жетім - жесір қалған жандардың, қираған қала мен селоның қайғысын қоса арқалады. Мұның бәрі Кеңес елі азаматының ішкі сезім дүниесін байытты, оны өмірдің үлкен мектебінен өткізді. Өмір мен адамның арасыдағы осындай қайшылықты қарым - қатынасты терең зерттеу жазушылардан әлеуметтік және философиялық көрегендікті, ой - пікір батылдығы мен суреткердің нәзік сезімталдығын талап етті (С.Қ.).

110-жаттығу. Құрмалас сөйлемдердің жасалу амалдарын түсіндіріп, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Романдағы ең бір үлкен тақырып - Абай творчествосының халықтығы. Жазушы оны халық адамдарымен бірлікте, түсіністікте суреттейді. Халықтың даналық, бұқарашылдық мәдениетінен мол сусындаған Абай қоғамдық тартыстардан түңілген, әкесімен, ортасымен айырылысқан тұтас пікірлес достар іздеп, сол халқына барады, Дәркембай, Базаралы сияқты азаматтарға арқа сүйейді. Еңбекші бұқараның өміріне жаны ашиды. Сонымен бірге ХІХ ғасырда қазақ даласына кірген мәдениет жаңалықтары, орыстың және дүниежүзі әдебиетінің озық үлгілері, гуманистік идеялар Абай тарапынан қолдау тауып, халыққа жетеді. Мұның бәрі ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын дәуірдің аса маңызды тарихи оқиғаларымен ұштастыра суреттей білген жазушының көрегендігі еді (С.Қ.).

111-жаттығу. Сабактас құрмалас сөйлемдерді тауып, кешенді грамматикалық талдау жасаңыз.

Қоспан тағдырына үңіле қарасақ, оны тағдыр маңдайынан сипап өсірмегенін көреміз. Көрген рахатынан бейнеті көп осы азаматты қажытпай алып келе жатқан - Қоспанның өмір сүйгіштігі, жан дүниесінің тазалығы, рухани байлығы. Жазушы шығарма идеясын осыны көрсетуге құрады. Қоспан бойында еңбек адамына тән іс - әрекет, көз қарас мол. Жаратылысында қарапайым, адал, жұртқа сенімі мен сүйіспеншілігі мол Қоспан - қысылтаян күндерде қайрат танып кететін ер. Майданда взвод командирі Қасболаттың адьюданты бола тұрып, ол шегініп бара жатқан әскерлерге мүмкіндік беру мақсатымен жауды бөгеуге сұранады. Осы ұрыста есін білмей жараланып, жау қолына түседі. Тұтқын лагерінде азап шегеді. Бірақ ол тағдырына налымайды, көнбістік танытады, мойымайды.

Тахауи осының бәрінде де Қоспанды орнықты, ісіне адал, сенімді, жауапкершілігі күшті азамат ретінде бейнелейді. Өмірде сәтсіздікке көп кездесе де, ол жауапкершіліктен тайсақтап, қорқақтық көрсетпейді. Ол еш уақытта ақтала сөйлемеген, өзіне сену, өзінің тазалағына сену - оның басты адамдық сипаты. Адамның рухани күші тағдырдың қандай қыспағына түссе де, оны ілгері жетелейтін, еңсесін түсірмейтін биік сапа екенін терең ашады (С.Қ.).

112-жаттығу. Сөйлемдерге кешенді грамматикалық талдау жасаңыз.

Ақынның егде тартқан жүрегінде жеңіл мұнды наз бар. Бірақ ол тоқырау, кәрілікті мойындау емес. Ұлғайған кездегі тірлікті ардақтау, өмір сыры жайлы, ел, дос тағдыры жайлы ойлаудан туады. Оның сырын;

Мұндымын деп шағнбаймын қашанда,

Қорқам бірақ тіпті мұңсыз жасауға,

Мүмкін бе екен шексіз сүю өмірді

Сол өмірдің мұндарынан босауға,- деп ақын тапқыр жолдарымен берген.

Ақынның «Сыр жырлары» да туған жерін, жастық шағын еске алған адам сезімінің ішкі байлығынана туған.

Қазақ лирикасының хас шеберлерінің бірі Сырбай Мәуленов бұл жылдары көп жазды. Оның өлеңдерінің тақырыптық шеңбері тіпті кең. Ол өзі жүріп өткен майдан даласын еске алып, әскери тақырыпта өткір де ойлы өлеңдер жазды, ел өмірінің бүгінгі шындығына көңіл аударды, жастығын, махаббатын да ұмытқан жоқ. Ақын көріне қалған құбылысты тез қабылдап, ой түйіп, жинақты лирика туғызуда едәуір табыстарға ие болды. Оның ойшылдығы, тез қабылдағыштығы, түсінуі-бәрі де жанды бейнеге айналып, ақынның тапқыр да, алғыр талантын мойындатады (С.Қ.).

113-жаттығу. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз және сөйлемнің құрмаласу тәсілдерін ажыратыңыз.

Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікке емес, сол ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін әбден білген соң, Абай өлең жазуға түскен. Абайдай ақын сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көбен қарап, төрінен орын берген. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық.

Кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темірқазығы, өшпейтін жарық жұлдызы болған Абайдың әсерлерімен қазақ баласы кімнің алдында болса да ұялмай мақтана алады.

Қазынасында Абайдың өлеңіндей байлығы бар қазақ әдебиеті қандай мәдениетті халықтың әдебиетімен болса да теңдесуге жарайды (М.Ә.).

114-жаттығу. Құрмалас сөйлемдерді құрылымдық жағынан сипаттаңыз және сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Адал еңбек етуге, мал бағуға құлқы жоқ, жақсы мінез, жақсы қылықтан жұрдай, тек сыртын түзеп, сәнқойлыққа әуес болып жүрген жігіттің киім киісін ақын тәптіштеп көзге айқын елестетерліктей етіп сипаттап келеді де, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, бет қозғалысын бірнеше сөзбен қысқаша қайырып бейнелейді.

Абай поэзиясын, шығармашылығын түгелдей алып, тұтас әлем деп қарағанда, оның нақтылы мазмұн-мағынасы, құрылыс-бітімі алуан түрлі шығармалардан тұратынын, олардың өзіндік сипат-өзгешеліктері аз емес екенін де толық ескерсек керек. Бұл тұрғыдан қарағанда Абай шығармашылығына оның танымдық көркемдік мәнін, негізгі тақырыптық арналарын, адамгершілік сарын әуендерін айқындауға, талдап айтуға тірек боларлық біртұтас концепциялық көзқарас қандай қажет болса, әр шығармаға тереңдеп үңіліп, өзіндік сипатын ұғып-түсіне білу сондай қажет екені анық.

Ақын шығармашылығы жайлы түйінді пайымдаулар жасау, ой қорыту оңай емес. Шынайы шабыттан туған нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, көркемдік әсері де өлшеусіз ғой. Әр адамның өз жан-дүниесі неғұрлым бай болса, өлеңнен алатын әсері де солғұрлым ммол болады.

Абайтану ақын сөзін оқудан, көңілге тоқудан басталады. Қуанғанда немесе мұңайғанда оқыса, адамның ішкі сезімімен жалғаса кірген сөз жүрекке берік ұялайды (М.Ә.).

115-жаттығу. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратып, компоненттерінің байланысу тәсілдерін түсіндіріңіздер.

Абайды етектен тартып, алдын орап, қолын байлап, еркіне жібермеген бірлі-екілі кісі емес, көп адам, қаумалаған қараңғы ел-жұрт екенін осы сөздер анық аңғартады.

Ес кіргелі тимеді ерік өзіме,

Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме,-дегенде ақын өзін де, өз басының кемшілігін жасырмай ашып айтып отыр десек те, сол заманды, ескі әдет-салтты берік ұстаған ортаны көбірек сынайды.

Халық мүддесі үшін күресуге бел байлап, елді, жастарды адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім-ғылым жолына түсуге шақыруды мақсат етіп қоймақ болған. Ақын осы ой-пікірін жалпы жұртқа жария етуге, солардың жүрегіне ұялатуға жарарлық бірден-бір күшті құрал-өлең сөз, ақындық өнер деп санайды. Бойындағы ақындық қуатын осы жолға жұмсау қажет деп түсінеді.

Абай әдебиетке мүлде жана міндет жүктеді. Ол өз поэзиясының тыңнан түлегенін атап айта отырып, тыңдаушы қауымның да көркемдік, идеялық, эстетикалық түсінігі, талғамы, мәдениеті өсуін талап етті, мұны өмірдің де, өнердің де қажеттілігі деп санады. Әдебиеттің өмірді түзетуге, өзгертуге шешуші үлес қосуын, белсенді қызмет етуін, идеялық-көркемдік құрал дәрежесінде биіктеуін уақыттың үлкен де шешуші талабы ретінде ұсынды.

Абай шын мәніндегі халық ақыны, ұлттық ақын болды. Абай қандай нәрсе туралы айтса да, адамдарды пайдалы еңбекпен шұғылдануға, білім алуға

шақырса да, өнерге шын пейілмен қарауды жақтаса да бүтіндей бір әлеуметтік топтың немесе жеке адамның кемшіліктерін сынаса да, табиғат көріністерін суреттесе де, осының бәрінен оның халық рухын, халық бұқарасының талап-тілегін, мұқтажы мен мүддесін жақсы түсінетіндігі айқын көрінеді (М.Ә.).

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисінен СООЖ

1. Сөз тіркесі және олардың түрлері

Мақсаты:

1. Сөз тіркесінің сөйлем құраудың материалдық негізі екенін ұғындыру.
2. Сөз тіркесін жан-жақты түсіну үшін теориялық білімдерін жаттығулар арқылы, талдаулар арқылы бекіту.
3. Тілдік нормаларды сақтап, сауатты жаза білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Сөз тіркесі түрлері.
- 2.Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері.
- 3.Сөз тіркесінің байланысу формалары.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Есімді және етістікті сөз тіркесінің байланысу тәсілі мен тұлғасын ажыратыңыз.

Сапардың төртінші таңертеңінде өркеш-өркеш қарлы таулардың сілемдері көрінеді. Бұл пойыздың Шу мен Мойынқұм өлкесіне таяп қалғанының хабары еді. Қарлы таулар жолаушыларға жер жағдайын барлап ал деп белгі бергендей біразға дейін көрінді де көзден тасаланды(Ш.А.). Алтайдың Көксу мен Үлбі, Қалбы мен Нарым, Сарымсақты мен Тарбағатай, Күшірім сияқты биік жоталарның өн бойы тұнып тұрған ағаш (Қазақ күнтізбесінен).

- 2.Сөз тіркесінің байланысу формаларна 10 мысал келтіріңіз.

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Сөз тіркесі дегеніміз не?
- 2.Сөз тіркесінің неше түрі бар?
- 3.Еркін сөз тіркесі дегеніміз не?

2. Жай сөйлем синтаксисі. Сөйлем.

Мақсаты:

- 1.Сөйлемнің адам ойын іске асырудағы қарым-қатынас құралы екенін түсіндіру.
- 2.Кісінің ойы әрқилы болса, соған сәйкес сөйлемнің де түрі әркелкі болатынын ұғындыру.
3. Теориялық білімін практикалық тапсырмалар арқылы бекіту.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Жай сөйлем және олардың түрлері.
2. Жай сөйлемнің мағыналық түрлері.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Көп күн өтіп кетті сен кеткелі.Тәжімұраттың ес білгелі етегінен ұстап келе жатқан бір қағидасы бар еді. Нағима тамақ асып,табаны жерге тимей жүгіріп жүр. Жанар орнынан тұрып, төр жақтағы бөлменің есігін ашып еді. Торұшы тосқауылдың ізін суытқалы екі жылдан асты. Айғыз сол өз төркінінің тойынан ашуланып аттанды.

2. «Ауылым алтын бесігім» атты шағын шығарма жазыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Сөйлем дегеніміз не?
- 2.Жай сөйлем қалай жасалады?
- 3.Сөйлемнің өзіне тән белгілері қандай?

3.Хабарлы сөйлем

Мақсаты:

- 1.Хабарлы сөйлем туралы түсінік.
- 2.Хабарлы сөйлемді оқыта отырып, студенттердің грамматикалық сауаттылығын арттыру.
- 3.Хабарлы сөйлемнің ерекшеліктеріне тоқталу.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Хабарлы сөйлем.
- 2.Хабарлы сөйлемнің жасалуы.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Мәтіндегі сөйлемдердің хабарлау түрлерін ажыратыңыз.

Қыр кеші бұның ұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұндасы тәрізді. Құлағы әжесінде,екі көзі сонау алыс көктау-қатпарлы қалың Шыңғыс жотасын қыдырады.

Жидебай жиырма шақырымдай жердегі Шыңғыс кеші шақта ымырт жабыла көкшілденіп,суық тартып алыстай береді.

2. Төмендегі есімдіктерден хабарлы сөйлем құрастырып жазыңыз.

Мен, кім, өзі, анау, сіз, мына, қашан, өзінің, сол, қайда.

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Хабарлы сөйлем дегеніміз не?
- 2.Хабарлы сөйлемнің жасалуын түсіндіріңіз.

4.Сұраулы сөйлем.

Мақсаты:

- 1.Сұраулы сөйлемнің сұрау мағынасын білдіруі жайында түсінік беру.
- 2.Сұраулық мағынаны әртүрлі формамен беруге болатынын ұғындыру.
3. Теориялық білімін практикамен ұштастыру.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Сұраулы сөйлем.
- 2.Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Берілген сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге айналдырыңыз.

Сен баяндамаға дайындалдың ба? Жеріміз енді көбегейлі тұрған жоқ па? Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Арық адамның көзі өткір болады екен - ау? Баянауыл сияқты жерді кім сүймейді?

- 2.Сұраулы сөйлемдерді қатыстырып диалог құраңыз?

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Сұраулы сөйлем дегеніміз не?
- 2.Сұраулы сөйлемдер қалай жасалады?

5. Лепті сөйлем

Мақсаты:

1. Лепті сөйлем жөнінде түсінік беру.
2. Оның жасалуын түсіндіру.
3. Түрлерін ажыратуға үйрету.

Қаралатын мәселелер:

1. Лепті сөйлем.
2. Лепті сөйлем жасалуы.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мәтіндегі сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Екеуміз үйге қарай аяңдадық (Ә.Нұршайықов). Ол осы өзенді жағалап, сонау көк мүйіске қарай серуендемекші (Ә.Әбішев). Ақылдасу дұрыс - ау деймін (М.Әуезов.).

Жұрт сөздің әр жерінде ду етіп көңілденіп, қолдарын шапалақтап қояды. «..Мекендерінен көшіп кеткендер қазір жиналып жатыр»-деді ол,- оларға азық-түлік және басқа да жәрдемдер беріліп, өздері не мемлекет кәсіпорындарына, не колхозға орналастырып жатыр. Панасыз балалар жиналып, олар үшін босатылған үйлерге орналастырылады. Олар енді жақсылап «тәрбиеленеді» дегенде жұрт қызу түрде дауылдасып ұзақ қол шапақтасты (С.Сейфуллин).

Пысықтау сұрақтары:

1. Лепті сөйлем дегеніміз не?
2. Лепті сөйлемдер қалай жасалады?

6. Бұйрықты сөйлем

Мақсаты:

1. Бұйрықты сөйлем жөнінде түсінік беру.
2. Оның жасалуын түсіндіру.
3. Түрлерін ажырату, амал-тәсілдерін меңгерту.

Қаралатын мәселелер:

1. Бұйрықты сөйлем.
2. Бұйрықты сөйлем жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдердегі бұйрық мағынасын түсіндіріңіз.

1. -Ойпырмай, өрт, болмағай еді,-деді Әшімтай досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы дірілдеп қоя берді(С.Омаров). -О, сайтан, жүгірмек! Ойбай -ау мынау қайтеді? -деп әйел опыған болды (Х.Есенжанов). - Мәссаған, сіздің атыңызды сұрамаған екенмін-ау. -А, халайық!- деді Ардақ жұртқа қарап. Япыр-ай, мынаның, желігуін-ай,-деді (Ж.Аймауытов).

Пысықтау сұрақтары:

1. Бұйрықты сөйлем дегеніміз не?
2. Бұйрықты сөйлемдер қалай жасалады?

7. Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш.

Мақсаты:

- 1.Бастауыштың сөйлемдегі ойдың иесі, тірегі, ұйтқысы екенін ұғындыру.
- 2.Теориялық білімді практикалық біліммен ұштастыру.
3. Тұрлаулы мүшелердің түрлерін ажырату.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Бастауыш.
- 2.Бастауыштың жасалуы.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Күрделі бастауыштардың жасалуын көрсетіңіз.

Ауылдың жаны -терең сай, тасыған өзен гүрілдеп. Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар. Сен екеуміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? Аудандық оқу білімі жұмысқа қызу кірісіп кетті. Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Жасы құрдас -құрдас емес, заманы бір-құрдас.

2. Әйгерім ауылға сол жанжал болатын күннен сәл бұрын кешке жақын қайтқан-ды. Үш күн бойы, көптен көрмеген сауығына қайтқан, талайдан сағынған арманды күткендей рахаттанған екен. Кеш бата өз үйінің сыртына кеп, пар ат жеккен арбадан түскенде, Абай мен Ербол тыста тұр еді (М.Ә.).

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Бастауыш дегеніміз не?
- 2.Бастауыштың жасалу жолын түсіндіріңіз.
- 3.Сөйлемдегі қызметін түсіндіріңіз.

8.Баяндауыш

Мақсаты:

- 1.Баяндауыштың сөйлемдегі қызметін ұғындыру.
- 2.Оның жасалу жолдарын түсіндіру.
3. Баяндауыштың тұлғалық белгілерін ажыратуға үйрету.

Қаралатын мәселелер:

- 1.Баяндауыш.
- 2.Баяндауыш жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Баяндауыштың жасалуын түсіндіріңіз:

Қазақ поэзиясының жазба әдебиетінің түп тамыры қадым замандарға барып тіреледі. Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз ілкі орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады.Ғылымда «Орхон-Енисей жазулары» аталатын түркі тайпаларының байырғы қоныс-мекендерінде көне түркі жазуымен тасқа қашалып қалдырылған бұл тамаша ескерткіштер қазір адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі мұрадардың бірі саналады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Баяндауыш дегеніміз не?
2. Баяндауыштың жасалу жолын түсіндіріңіз.
- 3.Сөйлемдегі қызметін түсіндіріңіз.

9. Тұрлаусыз мүшелер. Толықтауыш.

Мақсаты:

1. Толықтауыш сөйлемдегі атқаратын қызметінің зор екендігін ұғындыру.
2. Оның жасалу жолын түсіндіру.
3. Толықтауыштың түрлеріне тоқталу.

Қаралатын мәселелер:

1. Толықтауыш және олардың түрлері.
2. Толықтауыш болатын сөз таптары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мәтіндегі сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратыңыз:

Адамның шын мағынасымен "Адам" болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбайды, жалпы адамзатты сүюі шарт. (Мағжан Жұмабаев).

Осы өмірден басқа өмір жоқ болатын болса, жаралыспен жағаласып, адамдармен арпалысып өмір сүргенше, жасамаған артық емес пе?

Өтіріктен тілін тия алмаған адам арамдықтан ындынын тия алмас (Шәкәрім Құдайбердіұлы). Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды (Әбіш Кекілбаев).

Оқыса білім бұлағы,

Оқыса елдің ұланы,

Тірілтіп, елге жан бітіп,

Елі үшін жұмақ қылады (Бейімбет Майлин).

Пысықтау сұрақтары:

1. Толықтауыш дегеніміз не?
2. Толықтауыш түрлеріне сипаттама беріңіз.

10. Пысықтауыш

Мақсаты:

1. Пысықтауыш сөйлемдегі атқаратын қызметінің зор екендігін ұғындыру.
2. Оның жасалу жолын түсіндіру.
3. Пысықтауыш болатын сөз таптарын талдау.

Қаралатын мәселелер:

1. Пысықтауыш және олардың түрлері.
2. Пысықтауыш болатын сөз таптары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Пысықтауыштардың астын сызыңыз:

Сапардың төртінші таңертеңінде өркеш-өркеш қарлы таулардың сілемдері көрінеді. бұл пойыздың Шу мен Мойынқұм өлкесіне таяп қалғанының хабары еді. Қарлы таулар жолаушыларға жер жағдайын барлап ал деп белгі бергендей біразға дейін көрінді де көзден тасаланды. (Ш.А.)

Алтайдың Көксу мен Үлбі, Қалбы мен Нарым, Сарымсақты мен Тарбағатай, Күшірім сияқты биік жоталарның өн бойы тұнып тұрған ағаш. (Қазақ календарынан)

Пысықтау сұрақтары:

1. Пысықтауыш мағыналық түрлеріне сипаттама беріңіз.
2. Мекен пысықтауышқа мысал келтіріңіз?

11. Анықтауыш

Мақсаты:

1. Анықтауыш туралы түсінік беру.
2. Анықтауыштың жасалу жолдарын анықтау.
3. Анықтауыш түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталу.

Қаралатын мәселелер:

1. Анықтауыш.
2. Анықтауыштың жасалу жолдары.
3. Анықтауыш болатын сөз таптары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Анықтауыштардың астын сызыңыз.

Әр адамның жас күні әр түрлі болғанымен, әрқайсысының өз қызығы, өзгешелігі болады. Біз әкеміз өте жақсы көретін, бірақ орынсыз еркелетпейтін. Жасымда еркек балаша өстім, еркін болдым. Көршіміздің ауласында қабаған ит болатын. Біздің көшенің балалары сол үйдің қасынан аулақ жүруге тырысатын.

2. «Жыл мезгілдері» атты тақырыпта шығарма жазыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Анықтауышқа қойылатын негізгі сұрақтары және оның негізгі белгілері.
2. Анықтауыштың жасалуын түсіндіріңіз.

12. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Мақсаты:

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы мағлұмат беру.
2. Бірыңғай мүше болатын сөздердің синтаксистік қызметтерін ұғындыру.
3. Бірыңғай мүше мен жалпылауыш мүшелерге тоқталу.

Қаралатын мәселелер:

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы.
2. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері жөнінде.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, астын сызыңыз:

Жазғытұрымдай орман іші де, шалғынды далалар да, ауыл-маңдары да ушу болып жатқан жоқ. Сымпылдап ұшып, шаңқылдаған, бұтақтан-бұтаққа қонып, шатты дауыстармен сайраған түрлі құстардың ән мен күйлері де естілмейді. Жазайында көк ала жібек кілем жайғандай, қызғалдақ, сарғалдақ, қызыл-жасыл гүл шашақтарымен түрленген көкорай далаңқайлар көркінен айрылған.

2. Бірыңғай мүшелерді кірістіріп «Наурыз - жыл басы, береке-бірлік бастауы!» атты шығарма жазыңыздар.

Пысықтау сұрақтары:

1. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері туралы айтып беріңіз.
2. Жалпылауыш мүше дегенді қалай түсінесіз?

13. Айқындауыш мүше

Мақсаты:

1. Сөйлемдегі айқындауыш мүшені оқыту.

2. Оның анықтауыштан айырмашылығын түсіндіру.

3. Үйірлі мүше және айқындауыш ерекшеліктерін ұғындыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Айқындауыш мүше және анықтауыштың айырмашылықтары жөнінде.

2. Айқындауыш түрлері.

Практикалық тапсырмалар:

1. Айқындауыш мүшелердің түрлерін ажыратыңыз:

Өзі сері, әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де-бірі кәрі, бір жас бала-қызыға да, тамашалай да қараған. Бұл өңірде, әсіресе өзеннің бұл жағында, Абайды дос көрер жан жоқ.

2. Мәтіндегі сөздерге лексикалық талдау жасаңыз:

Асан қайғының әдебиетіміздегі жыраулық дәстүрді қалыптастырудағы еңбегі орасан зор. Асан қайғы жасаған бейнелер мен ол армандаған заман халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық, тәуелсіздік үшін күрестерінде болашақ бақытты өмірге үндейтін бостандық жаршысындай болды, оның өз бейнесінің де сол жарқын күйінде елімен бірге мәңгі жасай беретіні сөзсіз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Айқындауыш мүше дегеніміз не?

2. Оның анықтауыштан айырмашылығы қандай?

14. Сөйлем түрлері. Жалаң және жайылма сөйлем.

Мақсаты:

1. Сөйлемдердің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай бөлінуін түсіндіріп, ұғындыру.

2. Оларды айыра білуге дағдыландыру.

3. Сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымына қарай ажыратуға дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Жалаң және жайылма сөйлем.

2. Жалаң және жайылма сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктері жөнінде.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Бүгін жұма күні, ол екі қолын төбесіне қойып, кереует үстінде шалқасынан жатыр. Биылғы күз өте құнарлы күз болар деймін (Ж. Аймауытов). Есеней ұзай берген бала жігітке ұзақ қарап қалды (Ғ. Мүсірепов). Солдаттар қайта бұрылып бет қарай алмай, тегіс жаяу-жалпы күйінде жосып берді (М. Әуезов). Жерге түсіп бусынған шық, белуардан келіп, жүрген адам белшесінен шетсіз айдын көлді кешіп келе жатқан (С. Мұқанов).

Пысықтау сұрақтары:

1. Жалаң және жайылма сөйлемдерге мысал келтіріңіз.

15. Жақты және жақсыз сөйлемдер

Мақсаты:

1. Жақты және жақсыз сөйлемдердің ерекшеліктерін ұғындыру.

2. Теориялық білімін практикада қолдана білуді іске асыру.

3. Сөйлем түрлерінің ерекшеліктерін таныту.

Қаралатын мәселелер

1. Жақты сөйлем.

2. Жақсыз сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Жаздың ыстық кезі. Судың биыл келгені сонша - Асалғам көпірінің үстімен жоғары қарай үйір-үйір шортан жүзіп отыр. Құтырына тасығанымен қайтуы тез, бір аптада сап болады. Мен маусым туа барғанымда, көпірдің үстінің шаңы бұрқырап жатыр. Тек шүңейт-шүңейтте, бала құрақтың ортасында, су жарқырайды.

2. «Ана» тақырыбында шағын шығарма жазыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Жақты сөйлем дегеніміз не?

2. Жақсыз сөйлем дегеніміз не?

16. Толымды және толымсыз сөйлемдер

Мақсаты:

1. Сөйлемдердің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай бөлінуін түсіндіріп, ұғындыру.

2. Оларды айыра білуге дағдыландыру.

3. Теориялық білімін практикамен ұштастыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Толымды сөйлем.

2. Толымсыз сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдерді түрлеріне қарай ажыратыңыз:

Сапардың төртінші таңертеңінде өркеш-өркеш қарлы таулардың сілемдері көрінеді. Бұл пойыздың Шу мен Мойынқұм өлкесіне таяп қалғанының хабары еді. Қарлы таулар жолаушыларға жер жағдайын барлап ал деп белгі бергендей біразға дейін көрінді де көзден тасаланды (Ш.А.).

Алтайдың Көксу мен Үлбі, Қалбы мен Нарым, Сарымсақты мен Тарбағатай, Күшірім сияқты биік жоталарның өн бойы тұнып тұрған ағаш (Қазақ календарынан).

2. Білім, ғылым, еңбек туралы мақал-мәтелдер жазу.

Пысықтау сұрақтары:

1. Толымды сөйлем дегеніміз не?

2. Толымсыз сөйлем дегеніміз не?

17. Атаулы сөйлем

Мақсаты:

1. Атаулы сөйлемнің жасалуын түсіндіру.

2. Көркем әдебиетте қолданылуын ұғындыру.

3. Атаулы сөйлемдердің өзіндік ерекшелігіне тоқталу.

Қаралатын мәселе:

Атаулы сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Жыл мезгілдері » атты тақырыпта атаулы сөйлемдерді кірістіре әңгіме жазу.

Пысықтау сұрақтары:

1. Сөйлем және оның негізгі белгілері қандай?

2. Атаулы сөйлем дегеніміз не?

18. Оқшау сөздер. Қаратпа сөздер.

Мақсаты:

1. Оқшау сөздер жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің де құрамында кездесуі, сөз тіркесіндегі қызметі жайлы түсіндіру.

2. Оқшау сөздердің түрлерінен мағлұмат беру.

3. Оқшау сөздердің тыныс белгілері және оларды дұрыс қоя білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер:

1. Оқшау сөздер.

2. Қаратпа сөздер.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сөйлемдерден оқшау сөздерді тауып, сөйлемдердегі мағыналарын түсіндіріңіз:

Уа, Құлманбет, сөз тыңда! Гажап іс екен, Хасеке, бұларыңыз! Мереке құтты болсын, достар! Қарағым, бермен кел, бізге де көңіл бөл. Әрине, жаздың ыстығында жауған жаңбыр пайда емес. Сірә, жаздың ыстығында жауған жаңбыр пайда емес. Шамасы, бұл сол кездегі қарауыл тұратын күзет орны болса керек. Меніңше, озат іс білімнен туады.

2. Берілген қаратпа сөздерді кірістіріп сөйлемдер құраңыз: қысқасы, сөйтіп, демек, қойшы, сонымен, ақырында, әйтеуір, мысалы, мәселен, ендеше, сайып келгенде, жалпы алғанда, қорыта келгенде *т. б.*

Пысықтау сұрақтары:

1. Оқшау сөздер дегеніміз не?

2. Олар сөйлем мүшесі бола ала ма?

19. Қыстырма және одағай сөздер

Мақсаты.

1. Оқшау сөздер жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің де құрамында кездесуі, сөз тіркесіндегі қызметі жайлы түсіндіру.

2. Оқшау сөздердің түрлерінен мағлұмат беру.

3. Тыныс белгілері және оларды дұрыс қоя білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер.

1. Қыстырма сөздер

2. Одағай сөздер.

Практикалық тапсырмалар:

1. Берілген сөйлемдерден одағайды тауып, түрлеріне ажыратыңыз:

- Ойпырмай, өрт, болмағай еді,- деді Әшімтай досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы дірілдеп қоя берді (С.Омаров). -О, сайтан, жүгірмек!

Ойбай -ау мынау қайтеді? -деп әйел опыған болды (Х.Есенжанов). -Мәссаған, сіздің атыңызды сұрамаған екенмін-ау. -А, халайық!- деді Ардақ жұртқа қарап. Япыр-ай, мынаның, желігуін-ай,-деді (Ж.Аймауытов).

Пысықтау сұрақтары:

1. Одағай сөздер дегеніміз не?
2. Олар сөйлем мүшесі бола ала ма?

20. Құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Құрмалас сөйлемге анықтама беру, құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
2. Синтаксистік талдау жасай білуге үйрету.
3. Теориялық білімін практикамен ұштастыру.

Қаралатын мәселе:

Құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мына сызбаны толтырыңыз. Жай сөйлемді құрмаласқа айналдырыңыз.

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Құрмаласу тәсілі
Еліміз Тәуелсіз ел болды. Аналар мейрамы да жақындап қалды. Қала көркейіп келеді.		

2. Құрмалас сөйлемдерге көркем әдебиеттен 10 мысал жазыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

21. Салалас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Теориялық білімді практикалық жұмыстармен бекіту.
3. Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажырату.

Қаралатын мәселелер.

1. Салалас құрмалас сөйлем.
2. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

Берілген салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз және синтаксистік талдау жасаңыз:

Осымен Абай бастаған төрт аңшы Қырғыз шатынан шығып, Жәнібекті желкелеп, Қазбаладан, өтіп, күн түске тақаған кезде, Ботақан ошағынан аса берді. Бұл жолда да қар қалындай қоймапты, жүргіншілер келе жатқан әзіргі

жерлер - Абай ауылдарының, ағайындарының жылдағы, жазғы таныс қоныстары. Әйгерім ауылға сол жанжал болатын күннен сәл бұрын кешке жақын қайтқан-ды. Үш күн бойы, көптен көрмеген сауығына қайтқан, талайдан сағынған арманды күткендей рахаттанған екен. Кеш бата өз үйінің сыртына кеп, пар ат жеккен арбадан түскенде, Абай мен Ербол тыста тұр (М.Ә.).

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 2.Оның жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

22. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

Мақсаты.

1. Ыңғайлас салаластың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру.
2. Теориялық білімді практикалық жұмыстармен бекіту.
3. Практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Қаралатын мәселе:

- 1.Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем, жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

Берілген ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз және синтаксистік талдау жасаңыз:

Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар. Сен екеуміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? Аудандық оқу білімі жұмысқа қызу кірісіп кетті. Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Жасы құрдас -құрдас емес, заманы бір-құрдас (Ғ.М.).

2. Әйгерім ауылға сол жанжал болатын күннен сәл бұрын кешке жақын қайтқан-ды.Үш күн бойы, көптен көрмеген сауығына қайтқан, талайдан сағынған арманды күткендей рахаттанған екен. Кеш бата өз үйінің сыртына кеп, пар ат жеккен арбадан түскенде, Абай мен Ербол тыста тұр еді (М.Ә.).

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

23. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Қарсылықты салалас сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
- 2.Практикада оған синтаксистік талдау жасай білу.
3. Теориялық білімді практикалық жұмыстармен бекіту.

Қаралатын мәселелер.

- 1.Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Құрмаластың екінші сыңарын тауып,астын сызыңыз.

Таң жақындап қалды бірақ,.....

Сәуле күлейін деп еді,...

Аспанды қалың бұлт басып еді дегенмен,.....

Күн ызғары суық болды сонда да,.....

Ол орнынан тұрайын деп еді,.....

2.Берілген жалғаулықтармен сөйлем құраңыз: бірақ, дегенмен, де, сөйткенмен, сонда да, солай бола тұра.

Пысықтау сұрақтары:

1 Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

24.Түсіндірмелі салалас құмалас сөйлем

Мақсаты:

1.Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.

2.Құрамындағы жай сөйлемдердің тіркесу жолдарын түсіндіру.

3. Синтаксистік интаксистік талдау жасай білуге үйрету.

Қаралатын мәселе:

1.Түсіндірмелі салалас құмалас сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерден талғаулы салаласты табыңыз:

Жұрт сөздің әржерінде ду етіп көңілденіп,қолдарын шапалақтап қояды. «..Мекендерінен көшіп кеткендер қазір жиналып жатыр»-деді ол, -оларға азық-түлік және басқа да жәрдемдер беріліп, өздері не мемлекет кәсіпорындарына,не колхозға орналастырып жатыр. Панасыз балалар жиналып, олар үшін босатылған үйлерге орналастырылады. Олар енді жақсылап «тәрбиеленеді» дегенде жұрт қызу түрде дауылдасып, ұзақ қол шапақтасты.(С.Сейфуллин)

Пысықтау сұрақтары:

1 Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

25. Кезектес салалас құмалас сөйлем

Мақсаты:

1.Кезектес салалас құрмалас сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.

2.Құрамындағы жай сөйлемдердің тіркесу жолдарын түсіндіру.

3.Синтаксистік талдау жасай білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер.

1. Кезектес салалас құмалас сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Шабармандардың ішіндегі ең пысық ,жарқын жүзді бала жігіт ханның жанына жетіп келеді (І.Есенберлин). Көкірегі сезімді, тілі орамды. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай). Ептеп қазақша сөйлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы аладық зайды. Сыпырғышты сүйретіп, күрегін иығына сап әркім өзінің жұмыс орнына қарай аяндады (М.Мағауин). Жәнібек ата қалтасынан орамалын алып, асықпай, жіпсіген маңдайынан сүртті, сонан соң қалтасына екінші рет салып, осыны алып шықты (Б.Бодаубаев).

Пысықтау сұрақтары:

1 Кезектес салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

26. Себеп-салдар салалас құмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің тіркесу жолдарын түсіндіру.
3. Синтаксистік талдау жасай білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер:

1. Себеп-салдар салалас құмалас сөйлем және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Шабармандардың ішіндегі ең пысық, жарқын жүзді бала жігіт ханның жанына жетіп келеді (І.Есенберлин). Көкірегі сезімді, тілі орамды. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай). Ептеп қазақша сөйлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы аладық зайды. Сыпырғышты сүйретіп,,күрегін иығына сап әркім өзінің жұмыс орнына қарай аяндады (М.Мағауин).

Пысықтау сұрақтары:

1. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

27. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің тіркесу жолдарын түсіндіру.
3. Синтаксистік талдау жасай білуге үйрету.

Қаралатын мәселелер:

1. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Сапардың төртінші таңертеңінде өркеш-өркеш қарлы таулардың сілемдері көрінеді. бұл пойыздың Шу мен Мойынқұм өлкесіне таяп қалғанының хабары еді. Қарлы таулар жолаушыларға жер жағдайын барлап ал деп белгі бергендей біразға дейін көрінді де көзден тасаланды (Ш.А.). Алтайдың Көксу мен Үлбі, Қалбы мен Нарым, Сарымсақты мен Тарбағатай, Күшірім сияқты биік жоталарның өн бойы тұнып тұрған ағаш. (Қазақ календарынан)

Пысықтау сұрақтары:

1. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

28. Салалас құрмалас сөйлемді қайталау

Мақсаты:

1. Өткен тақырыптарда алған білімдерін қайталап, еске түсіру арқылы білімін нығайту.
2. Теориялық білімін практикалық жұмыстармен бекіту.
3. Салалас құрмалас сөйлемдер түрлерін қайталау.

Қаралатын мәселелер:

1. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Қарсылықты салалас сөйлемге 10 сөйлем құрастыру.
2. *Біресе, бірде, кейде* жалғаулықтарын байланыстырып сөйлем құрау.
3. «Менің мамандығым» атты шағын әңгіме жазу.

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

29. Сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

- 1.Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің тең дәрежеде болуын практика жүзінде дәлелдеу.
- 2.Сабақтас құрмалас сөйлемдер түрлерін ажырату.
3. Жай сөйлемдермен айырмашылықтарын білу.

Қаралатын мәселелер.

- 1.Сабақтас құрмалас сөйлем.
- 2.Оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Сабақтас құрмалас сөйлемді тауып,астын сызыңыз.

Қою шаң мен көк түтіннен күн беті қара күреңітіп тұр. Жер беті тастай болып қатып қалған, күрек батар емес, окоп қазып ала қою қиын. Көз ұшында қаптаған броневиктер жер бетін оқпен жайлап жылжып келеді. Аспаннан авиабомбалар зуылдай құлап, дүниені күңіретіп барады («Азамат соғысының қаһармандары» кітабынан).

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

30. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты :

- 1.Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
- 2.Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
- 3.Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселе:

- 1.Шартты бағыныңқылы сабақтас және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

- 1.Синтаксистік талдау жасаңыз.

Бетің былғанса, су тазартады. Бөгемеңдер, жол беріңдер. Ерлік белгі көрсеткісі келмегенмен, Қожантайдың өзі де ойға қала бастайды. Осылар айта берсе екен, араласа берсе екен қанып, денесі сергіп қалған екен. Бұлт тарқап , аспан ашылса да, түн қараңғы екен. Топырақ жұмсақ, майда болса, дән еркін өседі. (Ғ.М.).

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деген не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

31. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты :

1. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синтаксистік талдау жасаңыз.

Законның мұнша қатал кесегіне, Көндігіп кештен бері есі кіре, Әскерден сайға жуық Әуес отыр, Асылып сәбидің бесігіне . Оның бар сом денесін көзбенен бір-ақ қамтып, оң құлағының кесегіне тоқтады. Таңға дейін көсіліп жатқан дала көгілдір күлгін көрінді. Көз жауын алған көгілдір көктемнің көріктене түскен кезі еді ол. Аққудың көгілдірі секілденіп, Тамсанта дүниеге жайған құлаш.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

32. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синтаксистік талдау жасаңыз.

Қазтуған жырау- Алтын орда заманындағы ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Жырау XV ғасырда өмір сүрген, ноғайлының әрі батыры, әрі ақыны болған. Алайда жырау жайлы деректер өте аз. Қазтуған жырларында оның ақындық ерлігі мен шырқау биігін көрсетер тұс- ол жырды кім шығарғанын дәлелдейтін:

Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәпірдің
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан

Сүйіншіұлы Қазтуған, - деген жолдар арқылы қазақтың ноғайлы дәуіріндегі төл әдебиетінің жаңа белесінің бір қырын аңғартады

Пысықтау сұрақтары:

1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

33. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер:

1 Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синтаксистік талдау жасаңыз:

Ауылдың жаны -терең сай, тасыған өзен гүрілдеп. Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар. Сен екеуіміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? Аудандық оқу білімі жұмысқа қызу кірісіп кетті. Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Жасы құрдас -құрдас емес, заманы бір - құрдас.

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

34. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер.

1 Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синтаксистік талдау жасаңыз:

Әйгерім ауылға сол жанжал болатын күннен сәл бұрын кешке жақын қайтқанды. Үш күн бойы, көптен көрмеген сауығына қайтқан, талайдан сағынған арманды күткендей рахаттанған екен. Кеш бата өз үйінің сыртына кеп, пар ат жеккен арбадан түскенде, Абай мен Ербол тыста тұр еді (М.Ә.).

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

35. Мақсат бағыныңқылы сабақтас

Мақсаты:

1. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер.

1. Мақсат бағыныңқы сабақтас.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синтаксистік талдау жаса.

Қою шаң мен көк түтіннен күн беті қара күреңітіп тұр. Жер беті тастай болып қатып қалған, күрек батар емес, окоп қазып ала қою қиын. Көз ұшында қаптаған броневиктер жер бетін оқпен жайлап жылжып келеді. Аспаннан авиабомбалар зуылдай құлап, дүниені күңіретіп барады («Азамат соғысының қаһармандары» кітабынан).

Пысықтау сұрақтары:

1. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

36. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер.

1. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас және оның сабақтастың өзге түрлерінен айырым белгілері.

Практикалық тапсырмалар:

1. Сызбаны толтырыңыз:

Жарыспалы көп бағыныңқылы	Сатылы көп бағыныңқылы

Пысықтау сұрақтары:

1. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

37. Сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсаты :

1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.
2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.
3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер.

1. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері.
2. Олардың жасалу тәсілдері.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мына сызбаны толтырыңыз және құрастырылған сөйлемдердің грамматикалық ерекшеліктерін салыстыра сипаттаңыз:

Мекен пысықтауышты жай сөйлем	Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
-------------------------------	---

--	--

2. «Тәуелсіздік күні» тақырыбына шығарма жазу.

Пысықтау сұрақтары:

1. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2. Оның түрлерін түсіндіріңіз.

38. Аралас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

1. Аралас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктерін ұғындыру.

2. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.

3. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Аралас құрмалас сөйлем және олардың жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Қазақ поэзиясының жазба әдебиетінің түп тамыры қадым замандарға барып тіреледі. Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз ілкі орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады. Ғылымда «Орхон-Енисей жазулары» аталатын түркі тайпаларының байырғы қоныс-мекендерінде көне түркі жазуымен тасқа қашалып қалдырылған бұл тамаша ескерткіштер қазір адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі мұрадардың бірі саналады (Х.С.).

Пысықтау сұрақтары:

1. Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2. Оның жасалуын түсіндіріңіз.

39. Аралас құрмалас сөйлемнен өткенді қайталау

Мақсаты:

1. Құрамындағы жай сөйлемдердің жасалуын түсіндіру.

2. Оларға синтаксистік талдау жасай білуге дағдыландыру.

3. Теориялық білімді бекіту.

Қаралатын мәселелер:

1. Аралас құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары.

Практикалық тапсырмалар:

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз:

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі содан шығады. Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ел басы, топ басыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы. Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі - зор билік, екіншісі - есепсіз байлық (Абай).

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

40.Төл сөз бен төлеу сөз

Мақсаты:

- 1.Төл сөз бен төлеу сөздің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін ұғындыру.
- 2.Оларды сөйлем құрамында ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Қаралатын мәселелер:

1. Төл сөз бен төлеу сөз.

Практикалық тапсырмалар:

Мына сызбамен сөйлемдер құраңыз:

«Төл сөз»,- автор сөз.

Автор сөзі: «Төл сөз».

Автор сөзі: «Төл сөз»,-автор сөз.

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Төл сөз бен төлеу сөз дегеніміз не?
- 2.Оның жасалуын түсіндіріңіз.

Әдістемелік нұсқау

- 1.Ғ.Мұстафин шығармаларынан төл және төлеу сөздерге сөйлемдертеріп жазыңыз.

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисінен СӨЖ

1. Синтаксис, зерттеу объектісі мен салалары.

Мақсаты:

1. Синтаксис жүйесін ғылыми-теориялық түрде ұғындыру.
2. Теориялық білімдермен практикамен ұштастыру.

Жоспары:

1. Синтаксистің теориялық мәселелері.
2. Синтаксистің зерттелуі.
3. Синтаксистің салалары: сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Грамматиканың бір саласы - синтаксис туралы.
2. Синтаксис және морфология жөнінде.
3. Жаттығу жұмыстарын орындау.
4. Синтаксис тарауы бойынша мысалды кесте құрастыру.

Әдебиеттер:

Балақаев М., Қазіргі қазақ тілі , А., 1991, 31-106-б

Қордабаев Т., Қзақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі , А., 1995,3-5-б

2. Сөз тіркесі синтаксисі

Мақсаты:

- 1.Сөз тіркесі туралы түсінік беру.
- 2.Сөздердің тіркесу тәсілдерімен байланысу формалары жайында мәлімет беру.
3. Сөз тіркестерінің топтастыру принциптерін ұғындыру.

Жоспары :

1. Сөз тіркесі және оның түрлері.
2. Сөз тіркесінің құрылысы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөз тіркесінің сипаттамасы
2. Сөз тіркесін танудың негізгі белгілері қандай?
3. Сөз тіркесінің қандай түрлері бар?
4. Түйдекті тіркестер дегеніміз не?
5. Сөз тіркестері және оларға ұқсас тұлғалар дегеніміз не?
6. Есімді, етістікті сөз тіркестері дегеніміз не?
7. М.Дулатовтың шығармаларынан 25 сөз тіркесін жазып келу.

Әдебиеттер:

Балақаев М. , Қордабаев Т. : Қазіргі қазақ тілі . Синтаксис. -А., 1971, 20-83-б

Қазақ тілінің грамматикасы , 2-синтаксис, 23-65-б

3. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері

Мақсаты:

- 1.Сөз тіркесі туралы мағлұмат беру.
2. Сөз тіркестерінің түрлері жайында түсінік беру.
3. Сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің байланысын ұғындыру.

Жоспар:

1. Синтаксистегі сөз тіркесі мәселесі.
2. Сөздердің байланысу тәсілдері (орын тәртібі, жалғаулар, шылаулар, интонация).
3. Сөздердің байланысу түрлері (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу).

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөздердің байланысу тәсілдері дегеніміз не?
2. Сөздердің байланысу формалары дегеніміз не?
3. Олардың байланысу формаларының синтаксистік қызметтері (толықтауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық) туралы.
4. Сөздердің байланысу түрлері жөнінде реферат жазу.

Әдебиеттер:

Балақаев М. , Қордабаев Т. : Қазіргі қазақ тілі . Синтаксис. -А., 1971, 20-83-б

Қазақ тілінің грамматикасы , 2-синтаксис ,7-54-б

4. Сөйлем мүшелері - синтаксистің маңызды мәселесі

Мақсаты:

1. Сөйлем мүшелердің теориялық мәселелерін ұғындыру.
2. Сөйлем мүшелеріне қарай талдау жасауға үйрету.

Жоспары:

- 1.Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.
2. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.
3. Сөйлем мүшелерінің байланысы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Бастауыш пен баяндауышқа лингвистикалық сипатама беру
- 2.Дара және күрделі сөйлем мүшелері жөнінде.
- 3.Толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыштардың сөйлемдегі грамматикалық қызметтері жөнінде.
4. Көркем әдебиеттен мысалдар жинау және оларды сөйлем мүшелеріне қарай талдау.

Әдебиеттер:

Әміров Р.: Жай сөйлем синтаксисі .- А., 1983,110-162-б

Аманжолов С., Әбілқаев А.; Қазақ тілі .- А., 1989,50-101-б

Қазақ тілінің грамматикасы , 2-синтаксис ,54-102-б

5. Жай сөйлемнің түрлері

Мақсаты:

- 1.Жай сөйлем синтаксисінің теориясын ұғындыру.
- 2.Жай сөйлемнің мағыналық түрлерін оқыту.

Жоспары:

1. Жақты сөйлем, жақсыз сөйлем.
2. Толымды, толымсыз сөйлем.
3. Атаулы сөйлем.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөйлемнің анықтамасы.
2. Жай сөйлемнің түрлері жөнінде.
3. Жай сөйлемнің түрлері бойынша баяндама жасау.
4. Ж.Аймауытов шығармаларынан 15 жай сөлем көшіріп, грамматикалық талдау жасау.

Әдебиеттер:

Әміров Р.: Жай сөйлем синтаксисі .- А., 1983,168-191, Балақаев М. , Қордабаев Т. : Қазіргі қазақ тілі . Синтаксис. -А., 1971, 220-225-б, Қазақ тілінің грамматикасы , 2-синтаксис,130-146-б

6.Салалас құрмалас сөйлем

Мақсаты:

- 1.Салалас құрмалас сөйлемнің теориясын практикалық жұмыстар арқылы бекіту.
- 2.Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын ұғындыру.
А) Басыңқы сыңары есім сөз бен етістіктен болғанда.

В) Отаныңды сүйю.

С) Басыңқы сыңары есім сөзден болғанда.

Д) Отызында орда бұзу, қырқында қамал алу.

Е) Басыңқы сыңары еліктеуі сөз бен көмекші етістіктен болғанда.

Ғ) Әжемді тыңдадым.

Г) Әжеме жәрдем бердім.

Н) Әжемнің баласымын.

145.1. Толымсыз сөйлемді көрсетіңіз:

А) Ардақ еш уақытты мұндай қуанған емес.

В) Ардақ жүгіріп үйіне келеді.

С) Лепірген көңіліне шапшаң басқан аяғы ілісе алар емес.

Д) Кел, балалар, оқылық!

Е) Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!

146.1. Тура толықтаушы бар сөйлемді табыңыз:

А) Ерді намыс өлтіреді.

В) Тек жүрсең, тоқ жүресің.

С) Жөні жоқ әдетті қой.

Д) Оң жақта ағаш төсек.

Е) Өзің бір қызық жан екенсің.

- F) Ақылды бала.
- G) Көлдiң суы жас құрақты сипап тұр.
- H) Білімді бала.

147.1. Үйірлі анықтауышты сөз тіркесі мен сөйлемді табыңыз:

- A) Талабы жоқ бала.
- B) Талапты бала.
- C) Құралы сайлы ұста.
- D) Ақылды бала.
- E) Білімді бала.
- F) Ақылды балаға нұр жауар.
- G) Білімді бала - ата-ананың қуанышы.
- H) Талабы бар бала шыңға шығар.

148.1. Құранды баяндауыштың анықтамасын және мысалын табыңыз:

- A) Есім сөз бен етістіктің тіркесінен жасалған баяндауыш.
- B) Көмек бердік, жәрдем көрсеттік.
- C) Қос сөздерден болған баяндауыш.
- D) Асыға сөйледі, қысылып отыр.
- E) Күтіп алдық, шаршамай жеттік.
- F) Әжеме жәрдем бердім.
- G) Білімді бала - ата-ананың қуанышы.
- H) Білімді бала озады.

149.1. Айқындауыш мүшесі бар сөйлемді табыңыз:

- A) Баян бәйбіше аң-таң.
- B) Ауылдан Баян келді.
- C) Баян ән салды.
- D) Баян үйге кірді.
- E) Баян қыз ойланып қалды.

150.1. Қабысу мен жанасудың ұқсастығы қандай?

- A) Компоненттерінің грамматикалық формасыз байланысуы.
- B) Бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың жалғаусыз байланысуы.
- C) Қабысудың орын тәртібін сақтауы.
- D) Компоненттерінің синтетикалық тәсілі арқылы байланысуы.
- E) Компоненттерінің грамматикалық мағыналарды білдіруі.

151.1. Қабысу мен жанасудың айырмашылығы қандай?

- A) Қабысудың орын тәртібін сақтап, жанасудың орын тәртібін сақтамауы.
- B) Екеуінің компоненттерінің грамматикалық мағыналарды білдірулері.
- C) Қабысудың синтетикалық, жанасудың аналитикалық тәсіл арқылы байланысуы.
- D) Грамматикалық формалар арқылы байланысуы.
- E) Грамматикалық формасыз байланысуы.

152.1. Басыңқы сыңарының қай сөз табынан болғанына қарай сөз тіркесі қалай бөлінеді?

- A) Есімді және етістікті.
- B) Етістікті және есімшелі.
- C) Есімді және еліктеуішті.
- D) Шылаулы және қосымшалы.
- E) Үстеулі және есімді.

153.1. Сөз тіркестерінің компоненттері қалай байланысады?

- A) Қосымшалар, шылаулар, орын тәртібі арқылы және интонация арқылы.
- B) Сөздердің тіркесі, .
- C) Сөздердің тізбегі арқылы.
- D) Салаласа.
- E) Сабақтаса.

154.1. Өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына ентін сөз тіркестері:

- A) Түйдекті.
- B) Үйірлі.
- C) Бірыңғай.
- D) Жай.
- E) Лексикалық.

155.1. Матасуды табыңыз:

- A) Сөзіңнің басында.
- B) Сөзіңді ұқтым.
- C) Сөзімді тыңда.
- D) Сөзге тоқта.
- E) Сөздің мәнісі.
- F) Көйлектің түсі.
- G) Тілге бай.
- H) Тілді үйрен.

156.1. Меңгеруді табыңыз:

- A) Ананың сүті.
- B) Сен кел.
- C) Сөз бер.
- D) Сөзіңді баста.
- E) Сәрсенге айт.
- F) Сөзіңнің жөні бар.
- G) Анаммен ақылдастым.
- H) Сөздің түйіні.

157.1. Қабысуды табыңыз:

- A) Еңбекке баулу.
- B) Еңбексіз табыс.
- C) Еңбекпен келер.
- D) Алтын сағат.
- E) Адал еңбек.
- F) Зер белбеу.
- G) Білімдінің баласы
- H) Студент кітабы.

158.1. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысын табыңыз:

- A) Алтын сәуле.
- B) Қиялға шомылу.
- C) Оқушының кітабы.
- D) Ғылымды игеру.
- E) Ақырын күлді.
- F) Студент кітабы.
- G) Зер белбеу.
- H) Еңбекпен келер.

159.1. Сөз тіркесінің белгісін табыңыз:

- A) Толық мағыналы ең кемі екі сөздің тіркесі болуы керек.
- B) Кем дегенде екі сөз сабақтаса байланысуы керек.
- C) Қосарлы сын ретінде жұмсалады.
- D) Біріккен сөздердің тіркесі.
- E) Синтаксистік қызметі бірдей сөздерден құралады.

160.1. Матаса байланысқан сөз тіркесін табыңыз:

- A) Абайдың шәкірті.
- B) Күймақтың пісірілуі.
- C) Ән тыңдады.
- D) Қызық кітап.
- E) Кеше келді.
- F) Еңбекпен келер.
- G) Ақырын күлді.
- H) Әжемнің әңгімесі.

161.1. Мезгіл пысықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Асқар бүгін білді.
- B) Мен жаңа ғана өзенге келдім.
- C) Торғайлар бұтаққа қонды.
- D) Мен саған бола келдім.
- E) Сен тез қайт.
- F) Ақырын жымыып күлді.
- G) Мен кеше келдім.

Н) Күн батып барады.

162.1. Атаулы сөйлемді табыңыз:

- А) Түн. Клуб толы адам. Музыка.
- В) Ардақ қатты қуанды.
- С) Қарындасым, сіздің атыңыз кім?
- Д) Күн батып барады.
- Е) Күз. Сарғайған жапырақтар.

163.1. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін табыңыз:

- А) Сөзін бітірді.
- В) Білгір адам.
- С) Ананы құрметте.
- Д) Қоңыр кеш.
- Е) Салқын жел.
- Ф) Күн батып барады.
- Г) Ардақ қатты қуанды.
- Н) Сөзін айтты.

164.1. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- А) Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу.
- В) Сұлутөрде болып қайтты.
- С) Апырай, не болды.
- Д) Тыңда, дала, Жамбылды.
- Е) Қызым, саған айтам.

165.1. Сөйлемдегі үстеу қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарады?

Ыбырайлар кеше келген еді.

- А) Бастауыш.
- В) Пысықтауыш.
- С) Тұрлаусыз мүше.
- Д) Баяндауыш.
- Е) Толықтауыш.

166.1. Сөйлем үш жақтың бәріне ортақ қарата айтылса:

- А) Жалаң-жайылма.
- В) Толымды -толымсыз.
- С) Атаулы-атаусыз.
- Д) Жақсыз.
- Е) Жай-күрделі.

167.1. Жақшаға алынатын сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынбаған сөздермен қандай байланысқа түспейді?

- А) Грамматикалық.
- В) Синтаксистік.

- C) Морфологиялық.
- D) Лексикалық.
- E) Фонетикалық.

168.1. «Ананы құрметтеу - парызың!» сөйлеміндегі баяндауыш:

- A) Зат есім.
- B) Сан есім.
- C) Есімдік.
- D) Үстеу.
- E) Етістік.

169.1. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған зат есімді табыңыз:

- A) Аққу, ақкөгершін.
- B) Аға-жеңге, қыз-келіншек, қыз-бозбала.
- C) Үлкендік.
- D) Отаншыл.
- E) Дебатшы

170.1. Төл сөзді табыңыз:

- A) Сөйлеушінің өз сөзі.
- B) Пікірді дәлелдейтін сөз.
- C) Өзгеріссіз қолданылған біреудің сөзі.
- D) Автордың сөзі.
- E) Үшінші жақтан баяндалатын сөз.

171.1. Үйірлі анықтауышты сөйлемді табыңыз:

- A) Ұзын бойлы кісі.
- B) Сіздің уәдеңіз орынды.
- C) Білгеннің сөзі.
- D) Ақылы көп бала.
- E) Талабы бар жеткіншек.
- F) Шашы қысқа қыз.
- G) Қуанған Ардақ күле сөйледі.
- H) Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу.

172.1. Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз:

- A) Қызым, саған айтам.
- B) Ниет болса бәрі бітеді.
- C) Апырай, не болды.
- D) Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу.
- E) Қонақтар, төрге шығыңыздар.

173.1. Үйірлі анықтауышты сөйлемді табыңыз:

- A) Талабы жоқ бала.
- B) Иманы жоқ адамнан алыс жүр.

- C) Ақылды бала.
- D) Талапты бала.
- E) Білімді бала.
- F) Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу деген.
- G) Қанағаты бар адам сабырлы келеді.
- H) Ұзын бойлы сымбатты жігіт.

174.1. Сөз тіркесінің байланысу тәсілін табыңыз: «Жұқа кітап»

- A) Орын тәртібі.
- B) Жалғау.
- C) Септік жалғау.
- D) Дауыс ырғағы.
- E) Шылау.

175.1. Интонация арқылы байланысқан сөз тіркесін табыңыз:

- A) Ол - ғалым.
- B) Әке - асқар тау.
- C) Қыз-келіншек.
- D) Әке-шеше.
- E) Жігіт-желең.
- F) Қыз бала - тумаластың өрісі ғой.
- G) Отанымызды, Қазақстанды көркейтейік.
- H) Жастар - ел болашағы!

176.1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін табыңыз:

- A) Бұлардың жағдайлары.
- B) Балуанмен күресті.
- C) Оқытушыны тыңдаңыз.
- D) Ғылымнан басқа.
- E) Асығыс сөз.
- F) Аққала жасадық.
- G) Анамның сөзі.
- H) Аққала сәтті шықты.

177.1. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі бар сөйлемді табыңыз:

- A) Қалың қардан әрең келді.
- B) Күн суытты.
- C) Қардан аққала жасадық.
- D) Қатты аяз болды.
- E) Боран да, жел де тоқтады.
- F) Аққала сәтті шықты.
- G) Бұлардың жағдайларын.
- H) Біз жаңбыр астында қалдық.

178.1. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін табыңыз:

- A) Жақтырмай қарау.
- B) Жаман әдет.
- C) Қатты сөйледі.
- D) Жылқыны бағу.
- E) Түлкі тымақты.
- F) Түсіндіруді жөн көрдім.
- G) Бүгін келді.
- H) Жөн көрдім.

179.1. Еліктеу сөздерден болған тіркестер қатысқан сөйлемдерді табыңыз:

- A) Қап! Бұнысы несі? Ұят болды-ау!
- B) Ән айтылды, би биленді.
- C) Тырсыл-гүрсіл дыбыстар естілді.
- D) Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті.
- E) Айпаса екен деп мен отырмын.

180.1. Тіркес түрін табыңыз: «Су жүрек»

- A) Тұрақты тіркес.
- B) Фразалық тіркес.
- C) Мәтел.
- D) Етістікті тіркес.
- E) Туынды сөз.

181.1. Есімді тіркесті табыңыз:

- A) Онға шықты.
- B) Он шақты.
- C) Үйге дейін.
- D) Үлкен үй.
- E) Жүзге тарта адам.
- F) Алтын адам.
- G) Жөн көрдім.
- H) Түсіндіруді жөн көрдім.

182.1. «Кітабыңызды оқығым келеді» тіркесіндегі басыңқыны қай қатарға жатқызамыз?

- A) Есімше.
- B) Ырықсыз етіс.
- C) Қалау райлы күрделі етістік.
- D) Көсемше.
- E) Есімше мен көсемше.

183.1. Етістікті сөз тіркесін табыңыз:

- A) Әкесіне ерді.
- B) Үлкенге ізет.
- C) Кішіні құрметтеді.

- D) Сәтті сапар.
- E) Жәрдем бер.
- F) Алпыс шақырым.
- G) Сол бір кез.
- H) Қалаға келді.

184.1. Сөйлем құраудың материалды негізін табыңыз:

- A) Сөз тіркестері.
- B) Еркін сөз тіркестері.
- C) Сөйлем.
- D) Әріп.
- E) Буын.

185.1. «Жайраңдаған адам» қай сөз тіркесінің түріне жатады?

- A) Көсемшелі сөз тіркесі.
- B) Есімшелі сөз тіркесі.
- C) Шылаулы сөз тіркесі.
- D) Тұрақты сөз тіркесі.
- E) Еркін сөз тіркесі.
- F) Меңгеру
- G) Есімді сөз тіркесі.
- H) Матасу.

186.1. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

- A) Қас пен көздің арасында.
- B) Жүрек жұтқан.
- C) Дархан дала.
- D) Күн сәулесі.
- E) Ол келді.

187.1. Сөз тіркесінің белгісі қандай?

- A) Толық мағыналы ең кемі екі сөзден болуы керек.
- B) Зат, құбылыстың атауы болуы керек.
- C) Қосарлы сын ретінде жұмсалады.
- D) Сөз тізбектері.
- E) Синтаксистік қызметі бірдей сөздерден құралады.

188.1. Тіркескен сөздерді сөз тіркесі деп танудың белгілерін табыңыз:

- A) Толық мағыналы екі сөзден құралып, олар бір - бірімен сабақтаса байланысып, анықтауыштық, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.
- B) Толық мағыналы екі сөзден құралып, олар бірі - бірімен салаласа байланысып, предикаттық қатынаста жұмсалады.
- C) Толық мағыналы екі сөзден құралып, олар бір - бірімен қабыса байланысып, грамматикалық байланыста жұмсалады.

- D) Дара сөздер бір - бірімен тіркесіп, сөз тіркестерін құрап, номинативті атауда жұмсалады.
- E) Сөздер тіркесі, түйдектеле жұмсалып, лексикалық қатынаста жұмсалады.

189.1. Сөздердің синтаксистік қатынасынан қандай мағына пайда болады?

- A) Меншіктік мағына.
- B) Тура мағына.
- C) Ауыспалы мағына.
- D) Лексикалық мағына.
- E) Грамматикалық мағына.

190.1. Синтаксистік сөз тіркесі қалай жасалады?

- A) Толық мағыналы екі сөз түйдекті топ құрайды.
- B) Синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөз салаласа байланысады.
- C) Синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөз сабақтаса байланысады.
- D) Толық мағыналы екі сөз номинативті топ құрайды.
- E) Толық мағыналы екі сөз лексикалық топ құрайды.

191.1. Номинативті атауларды табыңыз:

- A) Су диірмен, мал дәрігері, қант қызылшасы.
- B) Қыз Жібек, Баян Сұлу.
- C) Үйге келді, үйден шықты.
- D) Асау жел, асау қиял, асау сезім.
- E) Әдемі көйлек, сары жапырақ.
- F) Ағаш жапырағы, көл суы.
- G) Қыз көркі, ана жүрегі.
- H) Қыз Құртқа, Ақжүніс.

192.1. Тұрақты сөз тіркестерін табыңыз:

- A) Жүрегі шайылу, жүрек жұтқан.
- B) Қалың орман, қалың қар.
- C) Қас батыр, қос жүрек.
- D) Ата - ана, ата - баба.
- E) Қаладан келемін, ауылға барамын.
- F) Ағаш жапырағы, көл суы
- G) Су диірмен, мал дәрігері, қант қызылшасы.
- H) Әдемі көйлек, сары жапырақ.

193.1. Лексикалық сөз тіркестерін табыңыз:

- A) Қазақстанның байлығы, қалың орман.
- B) Үмітін үзу, көз қырын салу.
- C) Арал теңізі, Талдықорған қаласы, Қостанай өңірі.
- D) Ата - ана, ата - баба.

Е) Екі аяғын бір етікке тығу, тілін тигізу.

194.1. Күрделі сөз тіркестерін көрсетіңіз.

- А) Қиқулай ұша жөнелді, асықпай сөйлеп отыр.
- В) Ұшып кете барды, желпініп сөйлеп отыр.
- С) Тәтті қылық, тәтті сусын.
- Д) Түсіріп алды, сөйлеп отыр.
- Е) Жігіт - желең, бала - шаға.
- Ғ) Әдемі көйлек, сары жапырақ.
- Г) Асықпай шай ішті, асықпай ет жеді.
- Н) Су диірмен, мал дәрігері, қант қызылшасы.

195.1. Жай сөз тіркесін көрсетіңіз:

- А) Сөйлей кірді.
- В) Бір - біріне.
- С) Сөйлей жөнелді.
- Д) Жағалай қонады.
- Е) Сөйлеген екен.
- Ғ) Оған айтты.
- Г) Су диірмен, мал дәрігері, қант қызылшасы.
- Н) Жігіт - желең, бала - шаға.

196.1. Түйдекті тіркестерді табыңыз:

- А) Ұша жөнелді, айта бастады, бау - бақша, мақұл көрді.
- В) Жүрегі шайылу, жүрек жұтқан.
- С) Мөлдір бұлақ, мөлдір сезім, мөлдір моншақ.
- Д) Алатау, биік тау, заңғар тау, қарлы тау.
- Е) Әсем ән, мұңлы ән, шерлі ән, сырлы ән.
- Ғ) Асықпай шай ішті, жамбастай отырып ет жеді.
- Г) Ата-ана, аға-жеңге.
- Н) Қиқулай ұша жөнелді, асықпай сөйлеп отыр.

197.1. Түйдекті тіркес дегеніміз не?

- А) Өзара байланыста тұрып, сол тобымен синтаксистік сөз тіркесінің бір компонентін құрайтын тіркестер.
- В) Өзара байланыста, басыңқы - бағыныңқы ыңғайда тұратын сөз тіркестері.
- С) Өзара лексикалық және грамматикалық байланыста тұратын тіркестер.
- Д) Салаласа байланысқан тіркестер.
- Е) Сабактаса байланысқан тіркестер.

198.1. Лексика - грамматикалық топ құрап, синтаксистік сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркесті қалай атаймыз?

- А) Жай тіркес.
- В) Күрделі тіркес.
- С) Сөздердің тізбектері.

- D) Түйдекті тіркес.
- E) Лексикалық тіркес.

199.1. Қайсысы тұрақты тіркестерге жатады?

- A) Идиомалық және фразалық тіркестер.
- B) Қас пен көздің арасында.
- C) Лексикалық және түйдекті тіркестер.
- D) Еркін және номинативті тіркестер.
- E) Сөз тіркестері мен синтаксистік тіркестер.

200.1. Фразалық тіркестерді табыңыз:

- A) Қабырғамен кеңес, қой аузынан шөп алмайтын.
- B) Дала гүлі, бақша гүлі, орман гүлі.
- C) Ұшақпен ұшу, самғап ұшу.
- D) Жүрегі ұшу, жүрегі шайылу.
- E) Сыңғырлы үн, қарлыққан үн, құмыққан үн.
- F) Қиқулай ұша жөнелді, асықпай сөйлеп отыр.
- G) Келіп кету, шығып кету.
- H) Жүрек жұтқан, тас жүрек.

201.1. Идиомалық тіркестерді табыңыз:

- A) Қолы тимеу, таяқ жеу, көңіліне келу.
- B) Арман алдамайды, арманға жету.
- C) Қас пен көздің арасында, беті бері қарады.
- D) Жұмыртқадан жүн қырку, ит арқасы қиянда.
- E) Келіп кету, шығып кету.
- F) Тырнақ астынан кір іздеу, жұмыртқадан жүн алу.
- G) Келіп көрініп кету, тез шығып кету.
- H) Қиқулай ұша жөнелді, асықпай сөйлеп отыр.

202.1. Сөз бен сөзді байланыстыратын синтаксистік тәсілдерді табыңыз:

- A) Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация.
- B) Қабысу, матасу, қиысу, жанасу, меңгеру.
- C) Грамматикалық мағыналар, формалар, категориялар.
- D) Лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және аралас тәсіл.
- E) Анықтауыштық, толықтауыштық, пысытауыштық.

203.1. Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің қосымшалар арқылы байланысуы қалай аталады?

- A) Синтетикалық тәсіл.
- B) Аналитикалық тәсіл.
- C) Лексикалық тәсіл.
- D) Морфологиялық тәсіл.
- E) Синтаксистік тәсіл.

204.1. Сөз тіркесіндегі сөздердің орын тәртібі, шылаулар және интонация арқылы байланысуы қалай аталады ?

- A) Морфологиялық тәсіл.
- B) Синтетикалық тәсіл.
- C) Лексикалық тәсіл.
- D) Аналитикалық тәсіл.
- E) Синтаксистік тәсіл.

205.1. Мына сөз тіркестерінің қайсысы синтетикалық тәсіл арқылы байланысқан?

- A) Қызыл алма, үлкен саңырауқұлақ.
- B) Үйдің терезесі, университетке түстім.
- C) Сізден ұят болды, көшіруге болмайды.
- D) Көлге дейін бардық, Отан үшін жан пида.
- E) Сары ала, қара торы, қып - қызыл.
- F) Қиқулай ұша жөнелді, асықпай сөйлеп отыр.
- G) Менің досым, досымның әңгімесі.
- H) Арман алдамайды, қанағат қарын тойдырады.

206.1. Мына формалардың қайсысы аналитикалық тәсіл арқылы байланысқан?

- A) Сары жапырақ, ол - дәрігер.
- B) Әдемі қамзол, үйдегілерге айттым, әнге салдым.
- C) Анаммен сөйлестім, әкеммен ақылдастым.
- D) Әке - шеше, туыс - туған, құда - жекжат.
- E) Сенімен бірге, алысқа көз тікті, бәрімізге жетті.
- F) Көлге дейін бардық, Отан үшін жан пида.
- G) Үйдің терезесі, университетке түстім.
- H) Сары жапырақ, әдемі қамзол.

207.1. Төмендегі байланысу формаларының қайсысы синтетикалық?

- A) Меңгеру, матасу.
- B) Қабысу, жанасу.
- C) Қиысу, қабысу.
- D) Қабысу, матасу.
- E) Меңгеру, жанасу.

208.1. Төмендегі байланысу формаларының қайсысы аналитикалық?

- A) Қабысу, жанасу.
- B) Қиысу, қабысу.
- C) Жанасу, қиысу.
- D) Меңгеру, матасу.
- E) Матасу, жанасу.

209.1. Қиысуды табыңыз?

- A) Мен көрдім, ол отырды.
- B) Арқаның жері, Сарыарқаның желі.
- C) Тау - тау ыстық, арба - арба шөп.
- D) Кітапты оқыдым, хатты жаздым.
- E) Мейрамға дайындық, сөйлеуге дайындалдым.
- F) Үйдің терезесі, университетке түстім.
- G) Сен отырсың.
- H) Әкеммен ақылдастым.

210.1. Меңгеруді табыңыз:

- A) Әкеммен ақылдастым.
- B) Өнші қыз, домбырашы жігіт.
- C) Студент жас, жас бала.
- D) Шашыңды тара, көзіме қара.
- E) Көзімнің қарасы, көңілімнің санасы.
- F) Сары жапырақ, әдемі қамзол.
- G) Хат жазу.
- H) Саған айтам.

211.1. Матасуды табыңыз:

- A) Мақсатқа жету, арманға ұмтылу.
- B) Ақ жүрек, ақ тілек, ақ бата.
- C) Анамның ақ тілегі, атамның ақ батасы.
- D) Қыз Жібек, Баян сұлу.
- E) Еңбегімнің жемісі, оқуымның нәтижесі.
- F) Анамның ақ тілегі.
- G) Алтын сағат, күміс сырға.
- H) Мақсатты орындау, жетістікке жету.

212.1. Қабысуды табыңыз:

- A) Биік үй, биік тау, биік ағаш.
- B) Үйдің биіктігі, таудың биіктігі.
- C) Көгілдір аспан, аспан ашық.
- D) Мен мұғаліммін, ол студент.
- E) Түнімен жүрді, ерте оянды.
- F) Анамның ақ тілегі.
- G) Ақ тілек, ақ арман.
- H) Әкенің ақ батасы.

213.1. Жанасуда сөз тіркесінің компоненттері қалай байланысады?

- A) Интонация арқылы байланысады.
- B) Қатар тұрып байланысады.
- C) Қосымшалар арқылы байланысады.

- D) Алшақ тұрып байланысады.
- E) Грамматикалық формасыз байланысады.

214.1. Меңгеруде сөз тіркесінің компоненттері қалай байланысады?

- A) Жалғаулар арқылы.
- B) Синтетикалық тәсіл арқылы.
- C) Интонация арқылы.
- D) Шылаулар арқылы.
- E) Алшақ тұру арқылы.

215.1. Матасуда сөз тіркесінің компоненттері қалай байланысады?

- A) Шылаулар арқылы.
- B) Жұрнақтар арқылы.
- C) Жалғаулар арқылы
- D) Ілік септігі мен тәуелдік жалғаулары арқылы.
- E) Атау мен іліктен басқа септік жалғаулары арқылы.

216.1. Қабысуда сөз тіркесінің компоненттері қалай байланысады?

- A) Аналитикалық тәсіл арқылы.
- B) Орын тәртібі арқылы.
- C) Интонация арқылы.
- D) Шылау арқылы.
- E) Алшақ тұрып байланысады.

217.1. Сөйлемнің сөз және сөз тіркесінен бөлек единица екенін айқындайтын белгілерін табыңыз:

- A) Модальдылық, сөз тіркесінен құралуы, предикаттық, интонация.
- B) Варианттылық, тіркесімділік.
- C) Мағыналық, формалық, категориялық.
- D) Номинативтілік, шақтық, райлық.
- E) Субъектілік, объектілік.

218.1. Төмендегі анықтамалардың қайсысы сөйлемнің дұрыс анықтамасы?

- A) Предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тізбегін сөйлем дейміз.
- B) Дыбыстардан, сөздерден құралған сөздер тізбегін сөйлем дейміз.
- C) Дара және күрделі сөздерден құралған сөздер тізбегін сөйлем дейміз.
- D) Лексикалық және синтаксистік тіркестерден құралып, біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тізбегін сөйлем дейміз.
- E) Дыбыстардың бірнеше комплексін сөйлем дейміз.

219.1. Мына сөйлемдердің қайсысы хабарлы сөйлем?

- A) Тоқташы, қалқам.
- B) Үйге кетіп барамысың.
- C) Көңілдердің жай болсын, бақ кетпесін басыңнан.

- D) Бүгін отбасымызбен театрға барамыз.
- E) Күн қызыл арай шатырынан жаңа шығып келеді.
- F) Ертең келесіз бе.
- G) Астанадан бүгін шығыпты.
- H) Сіз енді қайта беріңіз.

220.1. Сұраулы сөйлем қалай жасалады?

- A) Сұраулық шылаулар арқылы.
- B) Есімше мен көсемшенің тіркесінен.
- C) Сұраулық шылаулар мен сұрау есімдіктері арқылы.
- D) Күрделі сөздер арқылы.
- E) Негізгі сөз бен көмекші сөздердің тіркесі арқылы.

221.1. Бұйрықты сөйлемді табыңыз:

- A) Арман, дүкенге барып кел.
- B) Тез жиналыңдар, уақыт аз.
- C) Шіркін, қыс дегенің тамаша ғой, айналаның бәрі аппақ.
- D) Ол кешеден бері келген жоқ.
- E) Бір түрлі көңілім алаң тәрізді.
- F) Ертең келесіз бе.
- G) Үйге кетіп барамысың.
- H) Астанадан бүгін шығыңдар.

222.1. Болымсыз сөйлемдер қалай жасалады?

- A) Болымсыздық есімдіктері мен есім сөздер арқылы.
- B) Сөйлемнің құрамында белгісіздік есімдіктері жұмсалыу арқылы.
- C) Сұрау есімдіктері арқылы.
- D) Болымсыз етістіктің жұрнағы, жоқ сөзі және болымсыздық есімдіктер арқылы .
- E) Отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктері арқылы.

223.1. Белгілі бір атау мағынасын білдіретін сөйлем түрін табыңыз:

- A) Жай.
- B) Құрмалас.
- C) Мезгіл.
- D) Атаулы.
- E) Жайылма.

224.1. Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем түрін табыңыз:

- A) Жалаң.
- B) Жайылма.
- C) Толымсыз.
- D) Толымды.
- E) Жақсыз.

225.1. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері қатысқан жай сөйлем түрін табыңыз:

- A) Жайылма.
- B) Жалаң.
- C) Толымды.
- D) Толымсыз.
- E) Жақсыз.

226.1. Жақсыз сөйлемді табыңыз:

- A) Нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- B) Елімізде көптеген кәсіпорындар пайда болды.
- C) Енді жөнімен сөйлесуге болады екен.
- D) Демократиялық істерді жүзеге асырамыз.
- E) Бұл жерде суға түсуге болмайды.
- F) Бәріміз сенің тілеуіңді тілеп отырмыз.
- G) Сендерге тілектес емеспіз бе?
- H) Студенттерге жақсы оқу керек.

227.1. Берілген жай сөйлемнің түрін анықтаңыз:

Бұл жерде суға түсуге болмайды.

- A) Жақты сөйлем.
- B) Атаулы сөйлем.
- C) Сұраулы сөйлем.
- D) Жақсыз сөйлем.
- E) Жалаң сөйлем.

228.1. Берілген жай сөйлемнің түрін анықтаңыз:

Мұғалім кеше ақылды оқушыларды мектепке шақырды.

- A) Жақсыз сөйлем.
- B) Толымсыз сөйлем.
- C) Атаулы сөйлем.
- D) Сұраулы сөйлем.
- E) Толымды сөйлем.

229.1 Жалаң сөйлемді табыңыз:

- A) Мен мектепке тез жиналдым.
- B) Күн шықты.
- C) Кәсіпорын жұмысын бастады.
- D) Мұғалім балаларды мектепке кіргізді.
- E) Мектеп ұнады.
- F) Студенттерге жақсы оқу керек.
- G) Мен амандықпен жүздесейік демекпін.
- H) Былтыр бітірдім.

230.1 Сөйлем мүшелері толық қатысқан сөйлемнің түрін табыңыз:

- A) Толымсыз сөйлем.
- B) Жалаң сөйлем.
- C) Атаулы сөйлем.
- D) Толымды сөйлем.
- E) Жақсыз сөйлем.

231.1 Жақты сөйлемді табыңыз:

- A) Кітап алғым келеді.
- B) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- C) Бүгін демалысқа шықтық.
- D) Уақытты жоспарлай білу керек.
- E) Үлкен жетістік.
- F) Былтыр орналастым.
- G) Осыны түсіну керек шығар.
- H) Ия, осыны түсіну керек қой деймін.

232.1. Жақсыз сөйлемді табыңыз:

- A) Өзгерістер көп.
- B) Бұл жерде суға түсуге болмайды.
- C) Жері байдың - елі бай.
- D) Зор денсаулық тілейміз.
- E) Үлкен жетістікке жетті.

233.1. Атаулы сөйлемді табыңыз:

- A) Кітап оқып болды.
- B) Алтын күз.
- C) Қала. Машиналар. Ығы-жығы халық.
- D) Табиғатты қорғау - біздің міндетіміз.
- E) Балқаш көлінің суы азайып барады.

234.1. Жалаң сөйлемді табыңыз:

- A) Жаңбыр жауды.
- B) Бүгін күн суық.
- C) Адам үшін ең қымбат нәрсе - уақыт.
- D) Уақыт алтыннан да қымбат.
- E) Үлкен жетістікке жеттік.

235.1. Жайылма сөйлемді табыңыз:

- A) Уақыт жоқ.
- B) Күн шықты.
- C) Мен мектепке тез жиналдым.
- D) Денсаулықты сақтауды жас кезден ойлауымыз керек.
- E) Уақыт бітті.
- F) Жаңбыр жауды.

- G) Барлығы сіздікі ғой.
- H) Былтыр жұмысқа орналасқан едім..

236.1. Лепті сөйлемді табыңыз:

- A) Қазақ жері кенге бай.
- B) Бұл қандай көл.
- C) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая береді.
- D) Күн қандай тамаша.
- E) Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын.

237.1. Сұраулы сөйлемді табыңыз:

- A) Әр елдің салты басқа.
- B) Бұл қандай дәстүр.
- C) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая берсін.
- D) Гүлдей бер, туған жерім.
- E) Қазақстан - тәуелсіз мемлекет.

238.1. Хабарлы сөйлемді табыңыз:

- A) Қандай тамаша жер.
- B) Бұл қандай дәстүр.
- C) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая берсін.
- D) Жылдан-жылға экономикамыз дамып келеді.
- E) Қазақстан - тәуелсіз мемлекеттер қатарына жатады.

239.1. Бұйрықты сөйлемді табыңыз:

- A) Қазақ жері кенге бай.
- B) Бұл қандай көл.
- C) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая берсін.
- D) Берілген тапсырманы орындап әкеліңіз.
- E) Қазақстан - тәуелсіз мемлекет.

240.1. Жалаң сөйлемді табыңыз:

- A) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- B) Ол жүгіре жөнелді.
- C) Демократиялық істерді жүзеге асырамыз.
- D) Елімізде көптеген кәсіпорындар пайда болды.
- E) Жастар - болашағымыз!
- F) Былтыр орналастым.
- G) Нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- H) Тәуелсіздіктің туын биік ұстайық!

241.1. Тұрлаусыз мүшелердің болу-болмауына қарай жай сөйлемдердің бөлінуін көрсетіңіз.

- A) Жақты, жақсыз.
- B) Атаулы.

- C) Толымды, толымсыз.
- D) Жалаң, жайылма.
- E) Жай, құрмалас.

242.1. Жалаң сөйлемді табыңыз:

- A) Халық бар жерде - тіл де бар.
- B) Еліміз Елтаңбасымен еңселі.
- C) Зерттеулер басталды.
- D) Елдіктің белгісі осы.
- E) Ақылды қария - ағып жатқан дария.

243.1. Сөйлемді анықтаңыз:

Көктем. Дала қараңғы.

- A) Жалаң сөйлем
- B) Жайылма сөйлем.
- C) Жақты сөйлем.
- D) Атаулы сөйлем.
- E) Толымды сөйлем.

244.1. Атаулы сөйлемді табыңыз:

- A) Ағасы бардың - жағасы бар.
- B) Таң мезгілі. Саябақ. Таза ауа.
- C) Өзен жағасы. Көк майса. Құстар үні.
- D) Ел іші - өнер кешені.
- E) Киімін жинастырды.

245.1. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Асқар - инженер.
- B) Ол үйге кірді.
- C) Ол ұзақ сөйледі.
- D) Мал жайылды.
- E) Бала - болашақ.
- F) Егін шықты.
- G) Биыл егін бітік болды.
- H) Егінді алқаптамыз.

246.1. Атаулы сөйлемді табыңыз:

- A) Су жылы екен.
- B) Сізге сәлем деді.
- C) Алтын күзде береке бар. Сары жапырақтар.
- D) Мәдени-демалыс паркі. Қыдырған жұрт. Фонтан. Гүлдер.
- E) Алтын күз. Сары жапырақтар.

247.1. Жайылма сөйлемді табыңыз:

- A) Қалың қар.
- B) Қар жауды.
- C) Қарлы тау.
- D) Қар қалың жауды.
- E) Қар жапалақтап жауып тұр.

248.1. Толықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Жер бетінде таза су ресурстары көп емес.
- B) Қазақстанның көлдері ластанып жатыр.
- C) Табиғатты қорғауды өзіңнен баста.
- D) Ғарыш ғылымының пайдасы бар.
- E) Сусыз өмірді елестету мүмкін емес.
- F) Егінді алқаптамыз.
- G) Асау толқын Сырдың суын жағаға соғады.
- H) Ойылды өлкесі жаңару үстінде.

249.1. Тура толықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Есті бала анасын құрметтейді.
- B) Қарағанды қаласының жарты миллиондай халқы бар.
- C) Батыс Қазақстан- мұнайлы жер.
- D) Мен кітапты алдым.
- E) Қазір 1,7 миллиард адам су тапшылығына ұшырап отыр.
- F) Ойылды өлкесі жаңару үстінде.
- G) Егінді алқаптамыз.
- H) Асау толқын Сырдың суын жағаға соғады.

250.1. Асты сызылған сөздің қандай сөйлем мүшесі екенін анықтаңыз:

Сарыарқа - Қазақстандағы түсті металдардың үлкен қоймасы.

- A) Бастауыш.
- B) Анықтауыш.
- C) Толықтауыш.
- D) Баяндауыш.
- E) Пысықтауыш.

251.1. Тура толықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Кімнің? Ненің?
- B) Кімді? Нені?
- C) Кіммен? Немен?
- D) Қандай? Қай?
- E) Қанша? Неше?

252.1. Анықтауыш қызметіндегі есімдікті сөйлемді табыңыз:

- A) Атақты Көшетау- сұлу жер.
- B) Қарағанды қаласының жарты миллиондай халқы бар.

- C) Маңғыстауда мұнайдың сарқылмас қоры бар.
- D) Бұл аймақтарда тарихи және көрнекті жерлер бар.
- E) Осы Атырау өңірі мәдени ескерткіштерге бай.
- F) Мынау белдерде талай жүгіргенбіз.
- G) Егінді алқаптамыз.
- H) Баланың тілі - бал.

253.1. Сөйлемнен тура толықтауышты табыңыз:

Есі бар бала өзінің ұлтын сүйеді.

- A) Есі.
- B) Бала.
- C) Өзінің.
- D) Ұлтын.
- E) Сүйеді.

254.1. Тура толықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Қандай?
- B) Қанша?
- C) Қалай?
- D) Кімді?
- E) Нені?

255.1. Анықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Қалай?
- B) Нені?
- C) Кімі?
- D) Кімнен?
- E) Қандай?

256.1. Мезгіл пысықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Қайда?
- B) Қашан?
- C) Қай уақытта?
- D) Не үшін?
- E) Не мақсатпен?

257.1. Мекен пысықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Қандай?
- B) Қай?
- C) Қайда?
- D) Не үшін?
- E) Қашан?

258.1. Толықтауыштың сұрақтарын табыңыз:

- A) Қай? Қандай? Қанша?
- B) Кімді? Нені? Кімге? Неге?
- C) Кімнің? Ненің?
- D) Қандай? Қай? Қанша? Неше?
- E) Кім?

259.1. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін табыңыз:

- A) Анықтауыш.
- B) Толықтауыш, пысықтауыш.
- C) Баяндауыш.
- D) Етістік.
- E) Үстеу.

260.1. Кімнің? сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені табыңыз:

- A) Анықтауыш.
- B) Толықтауыш.
- C) Пысықтауыш.
- D) Бастауыш.
- E) Баяндауыш.

261.1. Қашан? сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені табыңыз:

- A) Бастауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Пысықтауыш.
- D) Мезгіл пысықтауыш.
- E) Толықтауыш.

262.1. Кіммен? сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені табыңыз:

- A) Пысықтауыш
- B) Бастауыш
- C) Анықтауыш
- D) Баяндауыш
- E) Толықтауыш

263.1. Жанама толықтауышты табыңыз:

- A) Іс-сапар сәтті болсын.
- B) Іс-сапардың қиыны.
- C) Іс-сапарды аяқтадық.
- D) Іс-сапарға кетті.
- E) Іс-сапардан келді.
- F) Іс-сапар сәтті болды.
- G) Бір ай іс-сапармен жүрдім.
- H) Сәтті сапар болсын!

264.1. Анықтауыштың сұрағын табыңыз:

- A) Қандай? Қай? Қанша? Неше?
- B) Қалай? Қайтп? Не себепті?
- C) Қашан?
- D) Неге? Не үшін?
- E) Немен? Не арқылы? Кім арқылы?

265.1. «Неліктен?» сұрағына жауап беретін пысықтауыш түрін табыңыз:

- A) Мақсат .
- B) Мезгіл.
- C) Мекен.
- D) Себеп-салдар.
- E) Дара.

266.1. Қашан? сұрағына жауап беретін пысықтауыш түрін табыңыз:

- A) Себеп.
- B) Мезгіл.
- C) Мақсат.
- D) Мекен.
- E) Дара.

267.1. Қайдан? сұрағына жауап беретін пысықтауыш түрін табыңыз:

- A) Дара.
- B) Күрделі.
- C) Мақсат.
- D) Мекен.
- E) Мезгіл.

268.1. Тура толықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Ол кітап сатып алды.
- B) Алтын күзде астық жинайды.
- C) Жетісудың табиғаты көркем.
- D) Ол жақсы оқиды.
- E) Жібек жолы - сауда жолы.
- F) Ол сабақты жақсы оқиды.
- G) Сәтті сапар болсын!
- H) Іс-сапар сәтті болсын.

269.1. Анықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Ол кітапты көп оқиды .
- B) Отан от басынан басталады.
- C) Таңғажайып табиғаты бар ел.
- D) Түркістанға автобуспен баруға болады.
- E) Шымкент пен Тараз оңтүстіктегі ірі қалалар.
- F) Іс-сапар сәтті болсын.

- G) Астана әсем қала.
- H) Арқаны кеңге салдық.

270.1. Мақсат пысықтауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Жібек жолы қазақтың кең даласын басын өткен.
- B) Асан білімін жалғастырғалы Алматыға барды.
- C) Сөзіңізді сылағандықтан ақылдасайын деп келіп отырмын.
- D) Марқакөл байлығының бірі - балық.
- E) Қорықта көптеген орман, тоғайлар көп.

271.1. Құранды баяндауышты анықтаңыз:

- A) Ата-анама жәрдем көрсеттім.
- B) Халық айтса, қалт айтпайды.
- C) Көп қорқытады, терең батырады.
- D) Аталы сөзге тоқтау - қазақ халқына тән мінез.
- E) Жөн сөзге құлақ қой.
- F) Алматы сұлу қала.
- G) Телефонымды керек қылмадың.
- H) Үлкендер ақыл айтты.

272.1. Күрделі баяндауышты табыңыз:

Сен бүгін кітапханаға барып кел.

- A) Сен.
- B) Бүгін.
- C) Кітапханаға.
- D) Кел.
- E) Барып кел.

273.1. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатын сөйлемді табыңыз:

- A) Кітап алды.
- B) Жақсы ісімен жақсы.
- C) Еңбек түбі береке.
- D) Адамға зор денсаулық керек.
- E) Бұл үлкен жетістікке жеткізеді.
- F) Телефон-автомат.
- G) Сіздер ел болашағысыздар!
- H) Әдіскер-оқытушы.

274.1. Заттың меншіктілігін, ретін, түрін, түсін, сапасын білдіретін сөйлем мүшесін көрсетіңіз:

- A) Бастауыш.
- B) Бастауыш.
- C) Толықтауыш.

- D) Пысықтауыш.
- E) Анықтауыш.

275.1. Күрделі бастауышты табыңыз:

- A) Астана қаласы - Қазақстанның бас қаласы.
- B) Жаңбыр құйып кетті.
- C) Сырым он төрт жаста.
- D) Оқушылар мектептен қайтты.
- E) Күлтегін ескерткіші - түркі тарихы.
- F) Оқытушы кіріп келді.
- G) Қоңырау да соғылды.
- H) Алматы қаласы - ірі мегаполис.

276.1. Дара бастауышы бар сөйлемді анықтаңыз.

- A) Бүгін концертке адам көп жиналған екен.
- B) Менің айтып отырғаным - ақыл.
- C) Астанада жаңа елшілік ашылды.
- D) Қазақ халқы табиғатынан шешен халық.
- E) Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығында орналасқан.
- F) Мен осы мектептің мұғалімімін.
- G) Ата-ананды құрметтеу - парызың.
- H) Жеті атасын білмеген - жетесіз.

277.1. Дара баяндауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Мағыш баяу сөйледі.
- B) Ол тақтаға шықты.
- C) Ол сурет өнерін жақсы көретін адам еді.
- D) Келе жатқан үшеу екен.
- E) Біздің сыныптағы оқу озаттары он бір.
- F) Жеті атасын білмеген - жетесіз деген.
- G) Ата-ананды құрметтеуді парызың деп біл.
- H) Ол ақырын сөйледі.

278.1. Сөйлемдерден қаратпа сөздің тыныс белгісі дұрыс қойылғанын анықтаңыз:

- A) Алмас, екеуіміз баққа барайық.
- B) Алмас екеуіміз баққа барайық.
- C) Алмас екеуіміз, баққа барайық.
- D) Алмас екеуіміз баққа, барайық.
- E) Алмас - екеуіміз баққа барайық.

279.1. Сөйлемдегі қаратпа сөзді табыңыз:

Апа, қазір кино басталады, теледидарды қосайыншы.

- A) Қазір.
- B) Басталады.

- C) Теледидарды.
- D) Қосайыншы.
- E) Апа.

280.1. Қаратпа сөздің анықтамасын көрсетіңіз:

- A) Аяқталмаған ойды білдіреді.
- B) Заттың атын білдіреді.
- C) Біреудің назарын өзіне қарату мақсатында айтылатын сөздер.
- D) Айтушының көңіл-күйін, әртүрлі эмоциясын білдіретін сөздер.
- E) Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының түрлі көзқарасын білдіретін сөздер.

281.1 Қаратпа сөздер қандай сөздер тобына жататынын белгілеңіз.

- A) Қыстырма сөздер тобына жатады.
- B) Одағайлар тобына жатады.
- C) Біріккен сөздерге жатады.
- D) Қысқарған сөздерге жатады.
- E) Оқшау сөздер тобына жатады.

282.1. Қаратпа сөздің сөйлемдегі орнын анықтаңыз:

- A) Сөйлемнің тек басында тұрады.
- B) Сөйлемнің тек соңында тұрады.
- C) Сөйлемнің басында, ортасында және соңында тұрады.
- D) Сөйлемнің тек ортасында тұрады.
- E) Жеке сөйлем болып тұрады.

283.1. Сөйлемнің басындағы қаратпа сөзді анықтаңыз:

- A) Оқушылар қысқы каникулда шетелге барды.
- B) Оқушылар кітаптарыңды ұқыпты ұстаңдар!
- C) Көріскенше қош болыңдар бауырлар.
- D) Қай жылы ата тудыңыз?
- E) Ертең балалар театрға барамыз.

284.1. Сөйлемнің ортасындағы қаратпа сөзді анықтаңыз:

- A) Біріншіден теледидар балалар денсаулығына зиян келтіреді.
- B) Балалар үлкендерді сыйлаңдар.
- C) Келіндер қыздар көмектесіңдер.
- D) Асқар қалаға қашан келдің?
- E) Балалар ертең театрға барамыз.

285.1. Сөйлемнің соңындағы қаратпа сөзді анықтаңыз:

- A) Сен теледидарды көп қарайсың ба?
- B) Бауырларым келдіңдер ме?!
- C) Көріскенше қош болыңдар бауырлар.

- D) Қай жылы ата тудыңыз?
- E) Ертең балалар театрға барамыз.

286.1. Қаратпа сөздің сөйледегі қызметін анықтаңыз:

- A) Қаратпа сөз сөйлем мүшесі болмайды.
- B) Қаратпа сөз бастауыш болады.
- C) Қаратпа сөз баяндауыш болады.
- D) Қаратпа сөз толықтауыш болады.
- E) Қаратпа сөз анықтауыш болады.

287.1. Қаратпа сөз бар сөйлемді анықтаңыз:

- A) Әрине, оның айтқаны дұрыс.
- B) Жарайсындар, жігіттер.
- C) Шіркін, ақын болсаң осындай бол.
- D) Жастар, біз тек сендермен мақтанаық!
- E) Қазақтың даласы, шіркін, кең байтақ қой!

288.1. Үтірдің қойылу себебін анықтаңыз:

Асан, сенің бүгін кешке қолың бос па?

- A) Қаратпа.
- B) Қыстырма.
- C) Одағай.
- D) Еліктеу.
- E) Бірыңғай мүше.

289.1. Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөздерді көрсетіңіз:

- A) Одағай сөздер.
- B) Жалпылауыш сөз.
- C) Қыстырма сөздер.
- D) Айтқындауыш.
- E) Қаратпа сөздер.

290.1. Қаратпа сөз бар сөйлемде қойылатын тыныс белгісін анықтаңыз:

- A) Нүкте.
- B) Сұрау белгісі.
- C) Сызықша.
- D) Үтір.
- E) Тырнақша.

291.1. Қыстырма сөздер қандай мағынада қолданылатынын анықтаңыз:

Біріншіден, алдымен, ақырында, қорыта айтқанда.

- A) Ой тәртібін білдіреді.
- B) Қуаныш, аяушылық, өкінішті білдіреді.
- C) Растау, теріске шығару мағынасын білдіреді.

- D) Ойдың кімнен шыққанын білдіреді.
- E) Күмәнді ойды білдіреді.

292.1. Қыстырма сөздердің анықтамасын көрсетіңіз:

- A) Заттың түсін білдіреді.
- B) Заттың атын білдіреді.
- C) Заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.
- D) Ойдың кімнен шыққанын білдіреді.
- E) Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын білдіреді..

293.1. Қыстырма сөздер сөйлемнің басында келсе қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз:

- A) Қос нүкте.
- B) Үтір және сызықша.
- C) Нүкте.
- D) Сызықша және қос нүкте.
- E) Үтір.

294.1. Қыстырма сөзден кейін қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз:

Шындығында ол аса талантты әрі іскер адам.

- A) Қос нүкте.
- B) Үтір және сызықша.
- C) Үтір.
- D) Сызықша және қос нүкте.
- E) Нүкте.

295.1. Қыстырма сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Астана-жаңа қала.
- B) Шындығында, ол аса талантты әрі іскер адам.
- C) Табиғат - алтын бесік.
- D) Бүгін ауа-райы салқын болып тұр.
- E) Меніңше, осылай істеген дұрыс.
- F) Мен де солай ойлап едім.
- G) Әрине, осы дұрыс.
- H) Ойымыз бір жерден шықты.

296.1. Қыстырма сөз қандай сөйлем мүшесі болатынын анықтаңыз:

- A) Қыстырма сөз сөйлем мүшесі болмайды.
- B) Қыстырма сөз бастауыш болады.
- C) Қыстырма сөз баяндауыш болады.
- D) Қыстырма сөз толықтауыш болады.
- E) Қыстырма сөз анықтауыш болады.

297.1. Қыстырма сөзді сөйлемді анықтаңыз:

- A) Абай үшін оқу мен жазу оның тірлік-тынысы тәрізді.

- В) Дұрысында Абай осы әдетін тастамаған.
- С) Бұл күндері Абай ақын атын анық алған.
- Д) Шындығында Абай айналасына жиылған жас өнерпаздар да көп.
- Е) Абай өлеңі - білім, ғылым, үлгі, өнеге, тәлім, тәрбие, адамдық кілті.

298.1. Берілген сөйлемдегі қыстырма сөзді анықтаңыз:

Меніңше, Асан - сабырлы, салмақты, мәдениетті адам.

- А) Меніңше.
- В) Сабырлы.
- С) Салмақты.
- Д) Мәдениетті.
- Е) Адам.

299.1. Қаратпа сөзі бар сөйлемді анықтаңыз:

- А) Алмас, екеуіміз баққа барайық.
- В) Ауылдың табиғаты қандай тамаша!
- С) Сен өзенге барасың ба?
- Д) Бүгін тауға шығамыз ба?
- Е) Апа, ертең орманға жидек теруге барамыз ба?

300.1. Сөйлемдегі ойға сөйлеушінің көзқарасын білдіретін оқшау сөздерді қалай атайтынын көрсетіңіз:

- А) Қыстырма сөздер.
- В) Одағай сөздер.
- С) Қаратпа сөздер.
- Д) Жалпылауыш сөздер.
- Е) Айқындауыш мүше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: 2008.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
3. Әмір Р. Әмірова Ж. Жәй сөйлем синтаксисі. - Алматы, 2003.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жәй сөйлем синтаксисі. - Алматы: «Санат», 2003. -240б.
5. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы, 2012.

Қосымша:

1. Ильясова Н.Ә Сөз тіркесі синтаксисі. - Алматы, 2009.
2. Шәукенұлы Қ. Синтаксис. - Алматы: «Арыс», 2004. - 248б.
3. Оразбаев Ф.Ш. т.б Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. - Алматы, 2005.